



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ  
ТӨҮЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ  
НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО  
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»  
INDEPENDENT AGENCY FOR  
ACCREDITATION AND RATING

«СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ШӘҚӘРІМ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ»  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНІҢ  
6B02303 Филология (қазак) және 7M02301 Филология (қазак)  
білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу  
стандарттарының талаптарына сәйкестігін бағалау бойынша сыртқы  
сараптау комиссиясы жұмысының нәтижелері туралы

## ЕСЕБІ

On-line келі мерзімі: 2021 жылғы «17» - «19» наурызы

**АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ**  
**Сыртқы сараптау комиссиясы**

**APTA Аккредитациялық  
Кеңесіне ұсынылған**



**«СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ»  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНІҢ  
6B02303 Филология (қазақ) және 7M02301 Филология (қазақ)  
білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу стандарттарының  
талаптарына сәйкестігін бағалау бойынша сыртқы сараптау комиссиясы  
жұмысының нәтижелері туралы**


**ЕСЕБІ**

**On-line келі мерзімі: 2021 жылғы «17» - «19» наурызы**

**2021 жылғы «19» наурызы**

## МАЗМУНЫ

(I) БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ.....	3
(II) КІРІСПЕ.....	4
(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ТАНЫСТАРЫУ .....	6
(IV) АЛДЫҢФЫ АККРЕДИТТЕУ РӘСІМІНІЦ СИПАТТАМАСЫ.....	7
(V) ССК САПАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ.....	8
(VI) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТИГІ.....	9
6.1. «Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты .....	9
6.2. «Ақпаратты басқару және есептілік» стандарты.....	13
6.3. «Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту» стандарты.....	17
6.4. «Білім беру бағдарламасын тұрақты мониторингтеу және мерзімді бағалау» стандарты.....	20
6.5. «Студентке бағдарланған білім беру, оқыту және үлгериmdі бағалау» стандарты.....	23
6.6. «Білім алушылар» стандарты.....	26
6.7. «Профессор-оқытушылар құрамы» стандарты.....	29
6.8. «Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйесі» стандарты.....	32
6.9. «Коғамды ақпараттандыру» стандарты.....	34
(VII) ӘРБІР СТАНДАРТ БОЙЫНША КУШТІ ЖАҚТАР/ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕГЕ ШОЛУ.....	35
(VIII) ӘРБІР СТАНДАРТ БОЙЫНША САПАНЫ ЖАҚСАРТУ ҰСЫНЫСТАРЫНА ШОЛУ.....	38
Қосымша 1. «МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БЕЙН ПАРАМЕТРЛЕРІ» бағалау кестесі .....	35



## (I) ТҮСІНІКТЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АРТА - Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі  
ББ – білім бағдарламасы  
БП – базалық пәндер  
ОЖСБ – оқу жетістіктерін сыртқы бағалау  
МЖМБС – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты  
АТ – ақпараттық технологиялар  
ЖОЖ – жұмыс оқу жоспары  
ҚАҚАЖ – Қазақстандық автоматтандырылған кітапхана ақпараттық жүйесі  
ОКТ – оқытудың кредиттік технологиясы  
ЭПК – электривті пәндер каталогы  
ҚР БФМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
МББ – модульдік білім беру бағдарламалары  
МТБ – материалды-техникалық база  
ҒЗЖ – ғылыми-зерттеу жұмысы  
СҒЗЖ – студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары  
ҒӘК – ғылыми-әдістемелік кеңес  
ЖБП – жалпы білім беретін пәндер  
ББ – білім беру бағдарламасы  
ПОҚ – профессор-оқытушылық құрам  
ҚР – Қазақстан Республикасы  
РОӘС – республикалық оқу-әдістемелік семинар  
ЖОЖ – жұмыс оқу жоспары  
БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары  
СМЖ – сапа менеджменті жүйесі  
СӨЖ – студенттің өздік жұмыс  
ССК – сыртқы сараптау комиссиясы  
ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестік  
ОТҚ – оқытудың техникалық құралдары  
ТОЖ – типтік оқу жоспары  
ОЗҒ – оқу-зертханалық ғимарат  
ПОӘК – пәннің оқу-әдістемелік кешені  
GPA – білім алушылардың оқу жетістіктерінің орташа бағасы

## (II) КІРІСПЕ

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің 2021 жылғы 18 қантардағы 7-21-ОД бүйріғына сәйкес 2021 ж. 17-19 наурыз аралығында сыртқы сараптау комиссиясы КеАҚ «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеттің» 6B02303 «Филология (қазақ)» және 7M02301 «Филология (қазақ)» білім беру бағдарламаларының сәйкестігін бағалады.

Сыртқы сараптау комиссиясының (ССК) есебінде «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» қызметтің АРТА критерийлеріне мамандандырылған аккредиттеу аясындағы сәйкестігін бағалау, мамандандырылған профиль параметрлерін одан әрі жетілдіру бойынша ССК ұсыныстары қамтылған.

### **ССК құрамы:**

*Комиссия  
төрагасы*

Брацихин Андрей Александрович, т.ғ.д., профессор, «Ижевск мемлекеттік ауыл шаруашылығы академиясы» ФМБОМ ректорының м.а. (Ижевск қ., Ресей Федерациясы).

*IAAR  
Сарапиысы*

Акулич Александр Васильевич, т.ғ.д., профессор, Беларусь Республикасының еңбек сінірген өнертапқышы, Могилев мемлекеттік азық-түлік университеттің ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры (Могилев қ., Беларусь Республикасы).

*IAAR  
Сарапиысы*

Белых Юрий Эдуардович, ф.-м.ғ.к., доцент, Янка Купала атындағы Гродно мемлекеттік университеттің оқу ісі жөніндегі проректоры (Гродно қ., Беларусь Республикасы).

*IAAR  
Сарапиысы*

Джуманова Лола Абдуравифовна, өнертану кандидаты, доцент, Мәскеу мемлекеттік консерваториясының оқу-әдістемелік практика орталығының жетекшісі (Мәскеу қ., Ресей Федерациясы).

*IAAR  
Сарапиысы*

Филиппов Сергей Константинович, ғылым докторы АВО Academy (Турку қ., Финляндия).

*IAAR  
Сарапиысы*

Менлібекова Гүлбахыт Жолдасбекқызы, п.ғ.д., Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеттің профессоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы).

*IAAR  
Сарапиысы*

Алдунгарова Элия Кайратқызы, PhD, С.Торайғыров Университеттің қауымдастырылған профессоры (Павлодар қ., Қазақстан Республикасы).

*IAAR  
Сарапиысы*

Байгабатова Назгуль Кажимуратовна, т.ғ.к., И. Жансүгіров атындағы Жетісу университеттің қауымдастырылған профессоры (Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы).

*IAAR  
Сарапиысы*

Байтеленова Элия Әскерқызы, а.-ш.ғ.к., С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеттің доценті (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы).

*IAAR  
Сарапиысы*

Берденов Жарас Галимжанұлы, PhD, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеттің доценті (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы).

*IAAR  
Сарапиысы*

Лебедева Лариса Анатольевна, п.ғ.к., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеттің доценті (Алматы қ., Қазақстан Республикасы).

*IAAR  
Сарапиысы*

Құдабаева Айгүл Калдыбекқызы, т.ғ.к., М. Х. Дулати атындағы Тараз өнірлік университеттің доценті (Тараз қ., Қазақстан Республикасы).

*IAAR  
Сарапиысы*

Камкин Виктор Александрович, б.ғ.к., С. Торайғыров Университеттің қауымдастырылған профессоры (Павлодар қ., Қазақстан Республикасы).

*IAAR  
Сарапиысы*

Нажипқызы Меруерт, х.ғ.к., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттің қауымдастырылған профессоры (Алматы қ., Қазақстан Республикасы).

*IAAR  
Сарапиысы*

Мұчкін Дмитрий Павлович, п.ғ.к., Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеттің қауымдастырылған профессоры (Павлодар қ., Қазақстан Республикасы).

*IAAR  
Сарапиысы*

Сәбитов Жақсылық Мұратұлы, PhD, Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы).

*IAAR  
Сарапиысы*

Сембаев Нұрболат Сәкенұлы, т.ғ.к., С. Торайғыров Университеттің қауымдастырылған профессоры (Павлодар қ., Қазақстан Республикасы).

*IAAR  
Сарапиысы*

Смайлова Жұлдыз Жолдасқызы, т.ғ.к., Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеттің доценті (Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы).

IAAR Сарапиысы	Татаринова Лола Фуркатовна, з.ф.к., Халықаралық бизнес университетінің доценті (Алматы қ., Қазақстан Республикасы)
IAAR Сарапиысы	Тимурбекова Айгүл Құлахметқызы, т.ф.к., Қазақ ұлттық аграрлық университетінің профессоры (Алматы қ., Қазақстан Республикасы).
IAAR Сарапиысы	Урмашев Байдәulet Амантайұлы, ф.-м.ғ.к., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті (Алматы қ., Қазақстан Республикасы).
IAAR Сарапиысы	Шнайдер Владимир Александрович, ф.к.н., Тұран университетінің доценті (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы).
IAAR Сарапиысы, жұмыс беруші	Пилипенко Юрий Александрович, "Exprobest" тауарлар мен қызметтер өндірушілер халықаралық қауымдастырының төрағасы (Алматы қ., Қазақстан Республикасы).
IAAR Сарапиысы, жұмыс беруші	Садықова Нұржамал Энуарбекқызы, Өскемен қаласының Оралхан Бекей атындағы № 44 лицей директорының орынбасары (Өскемен қ., Қазақстан Республикасы).
Сарапиы, студент	Аймурзиева Аружан Қанатқызы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 6B02508 Химия білім беру бағдарламасы бойынша 2 курс білім алушысы (Алматы қ., Қазақстан Республикасы).
IAAR Сарапиысы, студент	Ахметова Луиза Тілегенқызы, Қазақ технология және бизнес университетінің 6B072700 Азық-түлік технологиясы білім беру бағдарламасы бойынша 4 курс білім алушысы (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы).
IAAR Сарапиысы, студент	Байғали Бижамал Ерболқызы, Қазақ-Ресей халықаралық университетінің обучающаяся 3 курса 5B030100 Құқықтану білім беру бағдарламасы бойынша 3 курс білім алушысы (г. Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы)
IAAR Сарапиысы, студент	Баянтай Меруерт Серікқызы, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 5B090300 Жерге орналстыру білім беру бағдарламасы бойынша 4 курс білім алушысы (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы).
IAAR Сарапиысы, студент	Егізбаева Асылзат Еркінқызы, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің 6B070300 Ақпараттық жүйелер білім беру бағдарламасы бойынша 4 курс білім алушысы (Өскемен қ., Қазақстан Республикасы).
IAAR Сарапиысы, студент	Уразаева Диана Утемисова, Т. К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының 6B02120 Өнеркәсіптік дизайн білім беру бағдарламасы бойынша 3 курс білім алушысы (Алматы қ., Қазақстан Республикасы).
IAAR Сарапиысы, студент	Өзбекбай Элия, Сұлейман Демирел атындағы университеттің 7M017001 Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша 2 курс білім алушысы (Алматы қ., Қазақстан Республикасы).
IAAR үйлестіруші	Ниязова Гүляш Балкенқызы, Аккредитеу мен рейтингтің жоғары оқу орындарын институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу бойынша жоба жетекшісі (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы).

### (III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ТАҢЫСТЫРУ

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ 18.02.2013 жылғы № KZ38LAA00018432 білім беру қызметін жүзеге асыруға мемлекеттік лицензиясы негізінде бакалавриат, магистратура және докторантуралары бағдарламалары бойынша мамандар даярлауды жүзеге асырып келе жатқан жоғары оқу орны.

Шәкәрім атындағы университеті 1934 жылы құрылған.

- 1934 жылдың 23 маусымында Б(б)КП Шығыс-Қазақстан бюросында Семей қаласында педагогикалық институт ұйымдастыру туралы» мәселесі қаралып, сол жылы Қазақ ССР халық комиссарлары кеңесінің Семей қаласындағы педагогикалық институт құру туралы шешімі қабылданды.

- 1936 жылдың 10 шілдесінен – С.Сейфуллин атындағы Семей педагогикалық институты.

- 1939 жылғы 9 наурыздан - Н.К.Крупская атындағы Семей педагогикалық институты.

- 1993 жылдың 12 мамырынан - Н.К.Крупская атындағы Семей педагогикалық институты Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік педагогикалық институты болып қайта құрылды. Шакарима.

- 1995 жылдың 13 қарашасынан бастап Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1513 Қаулысымен және 1995 жылдың 1 желтоқсанындағы Білім және ғылым министрлігінің №304 бұйрығымен 3 институттың (Семей педагогикалық институты, Семей зоотехникалық институты, Семей технологиялық институты) Университет ашылған кезеңде 5 факультет болды.

- 1999 жылдың 22 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен Семей мемлекеттік университеті Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті болып қайта құрылды.

- 2000 жылғы 14 ақпандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкімі және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2000 жылғы 15 ақпандағы № 129 бұйрығына сәйкес Мемлекеттік қаржы институты Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті құрамына енді.

2013 жылдың 31 мамырында Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен Семей мемлекеттік педагогикалық институты мен Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті біріктіріліп, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті атауын алды.

- Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті коммерциялық емес акционерлік қоғамы бекітілген реестрге сай білім беру құқығын беретін 2013 жылғы 18 ақпанда берілген № KZ38LAA00018432 мемлекеттік лицензияға сай бакалавриат, магистратура, докторантуралары білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асырады.

Университеттің веб-сайтында ұсынылған мәліметтер бойынша университет құрылымында 10 факультет және олардың құрамында 30 кафедра қызмет етуде. Жалпы университет бойынша 79 бакалавриат, 46 магистратура және 10 докторантуралары білім беру бағдарламалары жүзеге асырылады. Оқыту түрі күндізгі формада және қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша жүргізіледі.

Университет бойынша 20 ғылым докторы, 156 ғылым кандидаты, 41 phd докторы 215 магистр, 20 практик оқытушы қызмет етуде. 3 Диссертациялық кеңес құрылған. Ғлыми дәрежесі бар кадрлар әлеуеті 43% құрайды. ОПҚ-ның орта жасы 46 жас.

Университеттің жеке меншік құқығында өзінің оқу-зертханалық ғимараттары, ғылыми кітапхана, асхана, типография, спорт кешені, стадион, жатақхана және Студенттер үйі бар.

#### **(IV) АЛДЫҢҒЫ АККРЕДИТТЕУ РӘСІМІНІЦ СИПАТТАМАСЫ**

6B02336 – «Филология», 7M02336 – «Филология» білім беру бағдарламалары Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінен 2015 жылы сараптамадан өтті. Сыртқы сараптау комиссиясының (ССК) есебі ұсынылған білім беру бағдарламаларының ССК бағалау қорытындысы бойынша 5B020500-«Филология», 6M020500-«Филология» бағдарламалары бойынша келесі ұсыныстар берілді:

«Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты

1. Ұсыныс: Білім беру бағдарламалары сәйкес келетін отандық және шетелдік оқу орындарымен ынтымақтастықты қүшайту. Бұл бағытта білім беру бағдарламалары сәйкес келетін отандық және шетелдік оқу орындарымен ынтымақтастық орнатылған. Отандық Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтымен, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетімен, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетімен, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетімен т.б. ынтымақтастық келісімшарттар жасалған. Шетелдік Түркияның Памуккале университетімен, А.С.Пушкин атындағы мемлекеттік орыс тілі институтымен (Ресей) ынтымақтастық келісім шарты жасалды.

2. Ұсыныс: Білім беру бағдарламасын іске асыру бағдарламасының тиімділігіне талдау жасау жұмыстарын жандандыру. Жасалған ұсыныс негізінде университет тарапынан білім беру бағдарламасына мұдделі тараптар, яғни жұмыс берушілер тартылған. Жұмыс берушілерден, атап айтсақ, Семей қаласындағы Гуманитарлық-экономикалық колледж, №29 ЖОББМ КММ, Семей қаласындағы ФМБ Назарбаев Зияткерлік мектептерінен таңдау пәндері тізбесіне, білім беру бағдарламасына берілген пікірлері бар. Ол пікірлер білім беру бағдарламасын әзірлеу барысында БББ басшылығымен ескерілген. Бұл жұмыстың орындалу барысын дәлелдеу құжаттарынан байқауға болады.

«Білім беру бағдарламаларының ерекшелігі» Стандарты

1. Ұсыныс: ББ бағдарламасын әзірлеуде отандық және шетелдік оқу орындарының тәжірибелі негізінде бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу.

Бұл ұсынысты жүзеге асыру мақсатында жоспар құрылған. Дегенмен алдыңғы аккредиттеуде жасалған ұсыныс бойынша 2021 жылғы ССК бұл ұсыныс толық орындалмағанын ескереді. Орындау нәтижесі болып табылатын Бірлескен білім беру бағдарламасы құрылмаған.

2. Ұсыныс: Оқу жылының басында білімалушылардың бастапқы біліміне диагностика жүргізу.

Бұл ұсыныс негізінде БББ жетекшілігімен білімалушылардың бастапқы біліміне диагностика жүргізу мақсатында 1 курсқа қабылданған студенттердің ағылшын тілін білу деңгейін анықтау шараларын жүзеге асырып отыр.

«Оқытушы-профессорлық құрамы және оқытуудың тиімділігі» Стандарты

1. Ұсыныс: ББ бағдарламасын іске асыруда практик мамандарды қатыстыру.

Аталған ұсыныс бойынша қала мектеп мұғалімдерінің озық тәжірибелерімен алмасу, насиҳаттау бойынша қалалық семинар, шеберлік-сабактары жоспарланған. Әртүрлі деңгейдегі семинар, шеберлік сыныптары жыл сайын жоспарлы түрде өтеді. Дегенмен, шеберлік сабактардың практик оқытушылардың БББ-ны жүзеге асыруға қатысуы жүйелі түрде өткізілетіндігі ССК тарапынан анықталмады. Кафедра жоспарында қарастырылмаған.

2. Ұсыныс: ПОҚ сыртқы академиялық ұтқырлығы бойынша жұмыстарды жандандыру

Жақын және шет елдерден дәріс оқу, білім беру бағдарламасын іске асыратын профессор-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығы 2020-2021 оқу жылында кафедра жоспарында қарастырылмаған, жүйелі түрде жүргізілмейтіні анықталып отыр. Сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша аккредиттеу кезеңінде профессор А.О.Тоқсамбаева Түркияның Памуккале университетінде 20.03.2016ж., 2018 Түркияның Мармара университеті Phd докторы, Ниргис Бирай және Түркия, Афион қаласы, Қожатепе университетінің профессоры, PhD доктор, Хұсейін Қахраман Мұтлұ, 2020-2021

оку жылшының 1-семестрінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы онлайн форматта кафедраның доценті Мұқанова Қаршыға Астана қаласындағы «Тұран-Астана», университетінде Тұран-Астана», университетінің доценті Кәріпжанова Г. дәріс оқыған.

3. Ұсыныс: Импакт-факторлы журналдарға мақала жариялау жұмысын жақсарту.

Бұл ұсыныс бойынша БББ-ның ПОҚ-ы импакт-факторлы журналдарда бірнеше мақалалары жарияланды. Атап айттар болсақ, профессор А.О.Тоқсамбаева, профессор А.Қ.Қадыров, PhD А.Жұндибаева мақалалары жарияланған. Алайда бұл бағыттағы жұмыс әліде жүйелендіруді талап етеді.

4. Ұсыныс: Қаржыландырылатын ғылыми жобаларға белсенді қатысу.

Аталған ұсыныс жүзеге асырылмаған. Білім беру бағдарламасын іске асыратын оқытушылар тарапынан мемлекетті қаржыландырылатын ғылыми жобаларға қатысушылар жоқ. Тек аймақтық деңгейде ғана жүзеге асырылатыны байқалады. Мысалы, . профессор А.С.Еспенбетов, доцент А.С.Ақтанова университет қаржыландырған «Семей өнірінің ақын-жазушылары» жобасына қатысқан.

«Білімалушылар» Стандарты

1. Ұсыныс: Студенттердің ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлығын күшету

Студенттердің ішкі академиялық ұтқырлықпен басқа оку орындарына барып білім алудары жолға қойылған. Отандық Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтымен, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетімен, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетімен, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетімен, шетелдік Түркияның Памуккале университетімен , ынтымақтастық келісім шарттар жасалған.

Аkkредиттеу кезеңіне сәйкес мерзімде 2017-2018 оку жылшының 1 семестрінде 1 студент, Әлімбай Айнұр Түркияның Памуккале университетінде академиялық ұтқырлықпен білім алған.

«Білім беру бағдарламасына қолжетімді ресурстар» Стандарты

1. Ұсыныс: Университет порталында әр оқытушының жеке парагы болуын қамтамасыз ету; тиісті бағдарламаларға сай ПОҚ мен студенттерге технологиялық қолдау көрсету.

Университеттің MOODLE оку ресурсы порталы, <http://cloud.sempu.kz/> сайты арқылы іске асырылады. Университеттің <http://sempu.kz/> сайтында пікір қалдыруға, ұсыныстар жасауға мүмкіндік бар. Ректор блогында ректорға сұрақ бөлімі қарастырылған. Ұсыныс екерілген, толығымен орындалған

## (V) ССК САПАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

ССК жұмысы «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредитеу бойынша 2021 жылғы 17-19 наурыз аралығында ССК жұмыс бағдарламасы негізінде жүзеге асырылды.

ССК жұмысын реттеу мақсатында 15.03.2021 жылды бағыттай жиналысы үйымдастырылды. Жиналыс барысында комиссия мүшелері арасында міндеттер реттелді, университеттке бару кестесі айқындалды, сараптау әдістері талқыланды. С целью координации работы ВЭК 15.03.2021 г. состоялось установочное собрание,

БББ-ы және университеттің барлық инфроқұрылымы туралы шынайы ақпаратты алу мақсатында, бағалау есептерінің мазмұнын айқындау мақсатында университет ректорымен, қызметтік бағыттары бойынша проректорлармен, құрылымдық бөлімшелердің басшылығымен, факультет декандары, кафедра менгерушілері, оғытушылық құраммен, білімалушылармен, түлектермен және жұмыс берушілермен онлайн кездесу үйымдастырылды. Жалпы кездесулерде университеттің 133 өкілі қатысты (кесте 1)

Кесте. IAAR ССК-мен кездесулерге қатысқан қызметкерлер мен білім алушылар туралы ақпарат

Категория участников	Количество
Ректор	1
Проректор	4
Құрылымдық бөлімше басшылары	24
Институт директорлары	4
ББ жетекшілері	3
Оқытушылар	31
Білім алушылар	30
Тұлектер	22
Жұмыс берушілер	14
<b>Барлығы</b>	<b>133</b>

Үйимдастырылған онлайн экскурсия барысында IAAR ССК-мүшелері университеттің материалдық-техникалық базасының жағдайымен танысты. Комиссия мүшелері оқу аудиториялары, кітапхана, спорт зал, мамандандырылған кабинеттер, зертханалар жағдайымен танысу мүкіндігіне ие болды.

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетті» КеАҚ мақсатты топтармен онлайн кездесуде ССК мүшелері университет саясатын жүзеге асырудың механизмін, әлеуметтік қолдаулардың түрлерін, жүзеге асырылуын, оқу процесін бақылау жүйесін анықтау, жоғары оқу орны берген өзін-өзі бағалау есебінде берілген мәліметтерді нақтылау, анықтау жүзеге асырылды.

Аkkредиттеу мерзімінде онлайн түрде қашықтықтан оқытылатын екі сабакқа қатысу жүзеге асты.

ССК жұмысы барысында келесі практикан өту базаларын онлайн қарау мүмкіндігі болды: «Жидебай-Бөрілі» Мемлекеттік қорық-музейі, «Семей таңы», облыстық газет редакциясы, «Алтынсарин атындағы №37 гимназия» ҚММ.

Аkkредиттеу процедурасына сәйкес 27 оқытушы, төменгі және жоғары курс студенттерін қоса алғанда 49 білімалушылардан, қатысуымен онлайн-сауалнама алынды.

Өзін-өзі бағалау есебінде көрсетілген мәліметтерді растау мақсатында университеттің жұмыс күжаттары сұратылып, талдау жасалды. Сонымен қатар сарапшылар <https://semgu.kz/>ресми сайты арқылы университеттің өзін интернет арқылы көрсете алу деңгейін зерделеді.

Жоспарланған бағдарлама аясында сарапшылар аккредиттеуден өту жоспарланған ББ бойынша сараптау қорытындысы бойынша ұсынымдар құрастырылып 19.03.2021 жылы онлайн кездесуде басшылықтың назарына ұсынылды.

## (VI) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТИГІ

### **6.1. «Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты**

• ЖОО түрлі стейкхолдерлерді кеңінен тарта отырып, сыртқы және ішкі факторларды талдау негізінде ББ-ны дамытудың мақсаттары мен стратегиясын әзірлеуді көрсетуге тиіс.

• Сапаны қамтамасыз ету саясаты ғылыми зерттеулер, оқыту және оқыту арасындағы байланысты көрсетуге тиіс.

- ЖОО сапаны қамтамасыз ету мәдениетінің дамуын көрсетеді.
- Сапаны қамтамасыз етуге бейілділік мердігерлер мен әріптестер орындайтын (аутсорсинг), оның ішінде бірлескен/қос дипломды білім беру мен академиялық үткірлікты жүзеге асыру кезіндегі кез келген қызметке қатысты болуға тиіс.
- БББ басшылығы білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын әзірлеудің ашықтығын оның жұмыс істеуін, ЖОО-ның нақты жайғасымын және оның қызметінің мемлекеттің, жұмыс берушілердің, мұдделі тұлғалар мен білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуын талдау негізінде қамтамасыз етеді.
- БББ басшылығы білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын қалыптастыру және тұрақты қайта қарау тетіктерінің жұмыс істеуін және оны іске асыру мониторингін, оқыту мақсаттарына қол жеткізуі бағалауды, білім алушылардың, жұмыс берушілер мен қоғамның қажеттіліктеріне сәйкестігін, БББ тұрақты жақсартуға бағытталған шешімдер қабылдауды көрсетеді.
- БББ басшылығы білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын қалыптастыруға мұдделі тұлғалар топтарының өкілдерін, оның ішінде жұмыс берушілерді, білім алушылар мен ПОҚ өкілдерін тартуы тиіс.
- БББ басшылығы білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының даралығы мен бірегейлігін, оның ұлттық даму басымдықтарымен және білім беру ұйымының даму стратегиясымен келісептіндігін көрсетуге тиіс.
- ЖОО БББ шеңберінде бизнес-процестерге жауаптылардың нақты айқындастарын, персоналдың лауазымдық міндеттерін бөлуді, алқалық органдар функцияларының аражігін ажыратуды көрсетуге тиіс.
- БББ басшылығы білім беру бағдарламасын әзірлеуге және басқаруға қатысатын барлық тұлғалардың қызметін үйлестіруді және оның ұздіксіз іске асырылуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ бұл процеске барлық мұдделі тұлғаларды тартады.
- БББ басшылығы басқару жүйесінің ашықтығын, оны жобалауды, басқаруды және мониторингті, тиісті шешімдер қабылдауды қамтитын сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс.
- БББ басшылығы тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыруы тиіс.
- БББ басшылығы білім беру бағдарламасын басқарудың алқалы органдарының құрамына мұдделі тұлғалар (жұмыс берушілер, ПОҚ, білім алушылар) өкілдерінің қатысуын, сондай-ақ білім беру бағдарламасын басқару мәселелері бойынша шешімдер қабылдау кезінде олардың репрезентативтілігін қамтамасыз етуі тиіс.
- ЖОО БББ шеңберінде инновацияларды басқаруды, оның ішінде инновациялық ұсныстарды талдау мен енгізуі көрсетуге тиіс.
- БББ басшылығы ПОҚ, білім алушылар, жұмыс берушілер және басқа да мұдделі тұлғалар үшін өзінің ашықтығы мен қолжетімділігін көрсетуге тиіс.
- БББ басшылығы білім беру менеджменті бағдарламалары бойынша оқудан өткенін растайды.
- БББ басшылығы сапаны сыртқы қамтамасыз етудің соғы рәсімі уақытынан бастап қол жеткізілген прогресті келесі рәсімге дайындық кезінде назарға алуға ұмтылуы тиіс.

### *Дәлелдеу бөлімі*

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ-ның 2020-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары» ([https://drive.google.com/drive/folders/155jiwlDTnuTNi\\_Ybrb7-ti4ROrMKcRDS/](https://drive.google.com/drive/folders/155jiwlDTnuTNi_Ybrb7-ti4ROrMKcRDS/)) электронды құжат алmasу порталының нормативті құжаттар болімінде жүктелген. Стратегияда университет миссиясы мен мақсаты айқындалған.

Стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін, (білікті профессорлық-окытушылар құрамы, тәжірибелі әкімшілік-басқару қызметкері, дамыған инфрақұрылым, тұрақты қаржыландыру көздері, материалдық-техникалық базаның болуы, ақпараттық

қорлармен қамтамасыз етілуі және т.б.) ішкі ресурстар мүмкіндіктерін ескеретін және білім беру үдерісін, ғылыми-зерттеу және тәрбие қызметін ұйымдастыруға бағытталған ЖОО-да университеттің ұйымдастыру құрылымы қарастырылған.

6B02303-«Филология (қазак) 7M02301-«Филология (қазак)» бағдарламасының мазмұны Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің миссиясымен сәйкес келеді және бағдарламаның спецификасын толығымен анықтайды.

ЖОО-ның сапа саласындағы саясатты өзірлеу үдерісіне – ПОҚ, басшылар мен құрылымдық бөлімшелердің жетекші мамандары (қызметтер, бөлімдер, департаменттер), жоғары басшылық тартылады.

Мамандарды сапалы даярлауды қамтамасыз ету саласындағы басшылықтың жауапкершілігі 25.02.2019ж. Р 042-2019 "Семей қ. Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеттінің сапаны ішкі қамтамасыз ету бойынша нұсқаулығында" анықталған. ЖОО-ның әрбір құрылымдық бөлімшесінде сапа бойынша жауапты тұлғалар университеттің саясаты мен мақсаттарының сәйкестігін талдай келе, сапа саласының мақсаттарын анықтайды.

Студенттер ЖОО-да сапалы оқытуға қатысты жазбаша түрде өз көзқарастарын білдіре алады. Ол үшін барлық оку ғимараттарында ұсыныстар мен хаттарды жинау үшін жәшіктер орнатылған. Университет сайтында <http://www.semgu.kz> ЖОО қызметін жетілдіру бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын қалдыруға болатын "Ректор блогы" жұмыс істейді. Сондай-ақ, ректормен, департамент директорларымен университеттің ресми бетінде, Instagram(universitet.shakarim, semgu\_gazagfilologiasy) әлеуметтік желісінде қатысушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қоя алу мүмкіндігі қарастырылған.

Академиялық мәселелер жөніндегі департамент, факультеттер, кафедралар қажеттіліктерді түсіну және алдын ала болжай, сондай-ақ БББ сыртқы және ішкі тұтынушыларды және университетте мамандарды даярлау сапасы туралы кәсіпорындарда жұмыс істейтін түлектерден, білім алушылардан сауалнама жүргізу, жұмыс берушілермен үнемі кездесулер өткізу және жыл сайынғы «Түлектердің жәрменкесі» және ӘМ мен ЖОО-ның жұмыс берушілерден алған сауалнамасы арқылы ақпараттарды жинау және талдау бойынша жұмыстарды жүргізеді. (<http://csmp.semgu.kz/>)

Университетті стратегиялық басқару Қадағалау кеңесі, Ғылыми кеңес, Оқу-әдістемелік кеңес алқалы органдардың қызметі арқылы жүзеге асырылады.

Ішкі аудит сапасын жедел басқару және білім беру үдерісін (оку, ғылыми-зерттеу, тәрбие үрдістері) факультеттер, кафедралар және құрылымдық бөлімшелердің орындау тиімділігіне қатысты академиялық мәселелер жөніндегі департамент мониторингтік зерттеулер жүргізеді.

Ішкі және сыртқы тұтынушылардың университет қызметінің басты бағыттары, оның саясаты, мақсаттары мен стратегиялары жайлы хабардар болуы үшін, құжаттарды ақпараттық қабыргаларда, Шәкәрім Университетінің ([www.semgu.kz](http://www.semgu.kz)) ресми сайтында, бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру қамтамасыз етілген.

Сапа саласындағы саясат, университетті дамытудың мақсаттары және міндеттері аймақ пен мемлекеттің білім беру және экономикалық кеңістікте болып жатқан өзгерістерге сәйкес түзетіліп отырады. Сапаны қамтамасыз ету саясаты ғылыми зерттеулер, білім беру және оқыту арасындағы байланысты, ғылыми қоғамдастық және оқыту арасындағы өзара іс-қимылды жүйелі түрде жүзеге асатынын көрсете алады. Бұл өзара байланыс пен өзара іс-қимыл университеттің сапа саласындағы саясатының негізгі бағыттарында көрсетілген.

Университеттің сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің нұсқаулығында университеттің ішкі сапаны қамтамасыз ету моделі мен жүйесі сипатталған. Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің моделі мыналарды қамтиды: сыртқы бәсекелестік ортаның қажеттіліктеріне сәйкес үнемі өлшенетін, талданатын және жетілдірілетін ресурстарды және процестерді басқару.

Университеттің сапаны қамтамасыз ету жүйесі БББ өзірлеп, іске асыру тәртібін

реттейді. Университетте БББ сапасын қамтамасыз ететін білім беру бағдарламаларын қалыптастыру алгоритмі бар: ([https://drive.google.com/drive/folders/155jiwlDTnuTNi\\_Yrb7-ti4ROrMKcRDS](https://drive.google.com/drive/folders/155jiwlDTnuTNi_Yrb7-ti4ROrMKcRDS)).

Білім беру бағдарламалары сәйкес келетін отандық және шетелдік оқу орындарымен ынтымақтастық орнату мақсатында келісімшарттар жасалған: Түркияның Памуккале университеті, Ресейдің А.С.Пушкин атындағы мемлекеттік орыс тілі институты, (17.04.2017ж.). 2015 жылы Монгол Халық Республикасы Ховд мемлекеттік университеті, 2018 жылы Түркия мемлекеті, Анкара қаласы Қажы Байрам Уәли университеті.

Ректордың 06.01.2017ж. №4 бұйрығымен барлық дайындау деңгейі бойынша БББ жобасын талқылап, бекіту үшін Академиялық кеңес құрамы бекітілген. БББ өзірлеу барысында жұмыс тобы құрылады, оның құрамына жұмыс берушілер мен білім алушылар тартылады. Академиялық кеңес мәжілісінде БББ жобасы таныстырылады және корғалады, талқыланылады, сапасын жақсарту бойынша ұсыныс айтылады және оқу орнының оқу-әдістемелік кеңесінде бекітуге ұсынылады. Барлық дайындау деңгейі бойынша БББ таныстырылымы университет сайтының «Талапкерге» бетіне орналастырылған.

«Филология(қазақ)», 7М02301-«Филология (қазақ)» Білім беру бағдарламасы іске асырылатын қафедрада БББ дамыту жоспары жасалған. Бакалавриат пен магистратураның БББ дамыту жоспары университеттің, факультеттің өрісті даму жоспарына сәйкес қафедраның өрісті жоспарлары әзірленеді және жүзеге асырылады.

БББ дамыту жоспарын қалыптастыру үдерісіне барлық мұдделі тараپтар қатысады: ЖОО әкімшілігі, ПОҚ, жұмыс берушілер, білім алушылар және т.б. бұл үдеріс кәсіби құзыреттерді, күтілетін нәтижелерді, әлективті пәндер каталогін талқылау, білім алушылардың жеке білім беру траекторияларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

Ұсынылған хаттамалар көрсеткендей факультет Ғылыми кеңесі мен Университет Ғылыми кеңесінде БББ бағдарламалары талқыланып, нақты шешімдер шығарылып отырылады. БББ «Шекерім университетінің білім беру бағдарламалары туралы ережеге» (П 042 - 1.6 - 2018) сәйкес жүзеге асырылып, университеттің Ғылыми кеңесі отырысында бекітіледі.

«Филология» БББ барлық бағыттар бойынша БББ іске асырылуы туралы ақпарат жүйелі түрде жинақталып, талданады және "нәтижелілік", "тиімділік" сияқты көрсеткіштер арқылы өзін-өзі бағалау жүргізіледі. Әр оқу жылының соңында БББ барлық бағыттары бойынша талдау жасалып, қафедра есебі беріледі. Онда қорытынды SWOT - талдау жасалып, әлсіз және мықты жақтары, мүмкіндіктер мен қауіптер анықталады, мықты және әлсіз жақтарға салыстыру жүргізіледі.

Университеттің [di.semgu.kz](http://di.semgu.kz) порталында нормативті құжаттар бөлімінде Сыртқы және ішкі нормативтік құжаттар жүктелген. Сыртқы және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес БББ шенберінде жауапты тұлғалардың, қызметкерлердің лауазымдық міндеттері анықталады.

Университеттің білім беру қызметі «Семей қаласының Шекерім атындағы университетті» КеАҚ академиялық саясаты» жүзеге асырылады.

БББ басшылығы университет порталы арқылы білім алушылардан, қызметкерлерден, сыртқы орта өкілдерінен келіп түсken барлық сауалдарға кері байланысты қамтамасыз етеді. ББ бағалауға алқалық органдар қатысады. Талдау ішкі аудит, әдістемелік қамтамасыз ету сараптамасы, қызметті бағалау және басқарудың алқалық органдарының отырыстарында – қафедра отырысы, қафедраның әдістемелік секциялары және институттың әдістемелік комиссиялары, институт Кеңесі, Ғылыми-әдістемелік кеңес, университеттің Ғылыми кеңесі арқылы жүзеге асырылады.

### **Аналитикалық бөлім**

6В02303-«Филология (қазақ)» 7М02301-«Филология (қазақ)» бБББ-сы басшылығы бағдарламаны құрастыруда жүйелі түрде өткізіліп отыратын саулнама талдауларын

пайдаланатынын, білім беру бағдарламасын құрастыруда негізгі стейкхолдерлерді – жұмыс берушілерді, магистранттар мен студенттерді жұмылдыратыны талдау жасау барысында анықталып отыр. Алайда бағдарлама құрауда қатысатын жұмыс берушілер, қоғам өкілдері мен серіктестер тарапынан өкілдердің қатысуын қамтамасыз ету және стейкхолдерлер санын көбейтуді қажет етеді. Ұсынылған құжаттар негізінде тек бір ғана жұмыс беруші 6B02303-«Филология (қазақ)» бағдарламасын талқылауға қатысқандығы ғана анықталды. Көрсетілген ББ-ның траекториясы мектеп түлектерінің «Семей таны» және «Ертіс өңірі» баспаларында, аудармашылық қызмет қажет ететін мекемелерде қызмет ете алатынын анықтайды. Осы мақсатта 6B02303-«Филология (қазақ)» бағдарламасы құрамына «Аударма теориясы мен практикасы» пәні енгізілген, алайда пәнді менгеруде практикалық материалдарды іс жүзінде пайдалана алу дағдысын қалыптастыру мақсатында компьютерлік бағдарламамен жабдықталған арнайы зертхананың болмауы, дуалдық оқыту базасының, аударма орталықтары негізінде кафедра филиалының ұйымдастырылмагандығы анықталып отыр. Бұл ББ-ны жүзеге асырудың маңызды тұстары болып табылады.

Университет сайтында (<https://sempu.kz>), орналастырылған кафедра отырысында қаралып, факультеттің Ғылыми кеңесінде бекітілген 6B02303-«Филология (қазақ) 7M02301-«Филология (қазақ)» білім беру бағдарламасын дамыту жоспары ББ-ның негізгі мақсатын айқындағандайты. Жоспарда білім беру бағдарламасын дамытудың маңызды тұстары: жұмыс нарығын зерделеу, білім беру бағдарламасының күшті, немесе әлсіз жақтарын анықтауға бағытталған шаралар қарастырылмаған. Бұл шаралар білім беру бағдарламасының бірегейлігін анықтау мақсатында жүргізілуі қажет. Сонымен қатар стейкхолдерлер арасында мониторингтік шаралардың жүзеге асырылуы, ББ-ға талдау жасау шаралары қамтылмаған. Негізгі жоспар біліктілікті арттыру, ғылыми әлеуетті, академиялық ұтқырлықты дамыту шараларымен шектелген.

### **Күшті жақтары: аккредиттеуге ұсынылған ББ-ның стандарт бойынша күшті жақтары анықталмады**

#### **ССК ұсыныстары:**

1. 2021 жылғы 1 қыркүйекке дейін ББ басшылығы білім беру бағдарламасының білім беру ұйымдарының стратегиялық дамуының ұлттық басымдылықтарымен сәйкестендіріп, дербестігін және бірегейлігін таныту мақсатында жоспарға нақты даму шараларын айқындастырын толықтырулар енгізу қажет.

2. 2021 жылғы 1 қыркүйекке дейін ББ басшылығы 6B02303-«Филология (қазақ)» білім беру бағдарламасының құрастырылуына білім беру траекториясына сәйкес редакция және мұражай өкілдерінен тыс мектеп, аударма орталықтары өкілдерін, серіктес мекемелерді жұмылдыру шараларының жүзеге асырылуын қамтамасыз етуі қажет.

**6B02303 «Филология (қазақ)» және 7M02301 «Филология (қазақ)» білім беру бағдарламасының «Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты бойынша ССК қорытындысы: 0-күшті, 16 -қанагаттанарлық, 1 - жақсартуды қажет етеді.**

#### **6.2. «Ақпаратты басқару және есептілік» стандарты**

- ЖОО қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен бағдарламалық құралдар негізінде ақпаратты жинау, талдау және басқару жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс.
- ББ басшылығы сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін жақсарту үшін өндөлген, барабар ақпаратты жүйелі түрде пайдалануды көрсетеді.

- БББ басшылығы білім беру бағдарламасы шеңберіндегі барлық құрылымдық бөлімшелер мен кафедралардың қызметтін көрсететін, олардың нәтижелілігін бағалауды қамтитын есептілік жүйесінің болуын көрсетеді.
- ЖОО БББ басқаруды, алқалы органдар мен құрылымдық бөлімшелердің, жоғары басшылықтың қызметтін бағалаудың кезеңділігін, нысандары мен әдістерін айқындауы тиіс.
- ЖОО ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету, оның ішінде ақпаратты талдаудың және деректерді ұсынудың дұрыстығы мен уақтылығына жауапты тұлғаларды айқындау тетігін көрсетуге тиіс.
- ЖОО ақпаратты жинау және талдау, сондай-ақ олардың негізінде шешімдер қабылдау процестеріне білім алушыларды, қызметкерлерді және ПОҚ-ты тартуды көрсетеді.
- БББ басшылығы білім алушылармен, қызметкерлермен және басқа да мүдделі тұлғалармен коммуникация, оның ішінде жанжалдарды шешу тетіктерінің бар екенін көрсетуге тиіс.
- ЖОО БББ шеңберінде ПОҚ, персонал және білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесін өлшеуді қамтамасыз етуі және анықталған кемшіліктерді жою дәлелдерін көрсетуге тиіс.
- ЖОО қызметтінің нәтижелілігі мен тиімділігін, оның ішінде БББ қимасында бағалауы тиіс.
- БББ шеңберінде жиналатын және талданатын ақпарат мыналарды ескеруі тиіс:
- тиімділіктің негізгі көрсеткіштері;
- нысандар мен түрлер бөлінісінде білім алушылар контингентінің серпіні;
- студенттердің ұлгерім деңгейі, жетістіктері және окудан шығару;
- білім алушылардың БББ іске асыруына және ЖОО-да оқыту сапасына қанағаттануы;
- білім алушылар үшін білім беру ресурстары мен қолдау жүйелерінің қолжетімділігі;
- түлектердің жұмысқа орналасуы және мансаптық өсуі.
- Білім алушылар, қызметкерлер мен ПОҚ дербес деректерді өндеуге өзінің келісімін құжатпен растауы тиіс.
- БББ басшылығы ғылымның тиісті салаларында барлық қажетті ақпаратпен қамтамасыз етуге жәрдемдесуі тиіс.

### *Дәлелдеу бөлімі*

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ ақпаратты басқару, оның ішінде жинау, талдау және есеп беру процестері енгізілген. Университеттің даму стратегиясын іске асыру, мақсаттарға, міндеттерге қол жеткізу және қабылданған шешімдердің тиімділігін бағалау қолданыстағы ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізіледі. ([https://drive.google.com/drive/folders/155jiwlDTnuTNi\\_Ybrb7-ti4ROrMKcRDS](https://drive.google.com/drive/folders/155jiwlDTnuTNi_Ybrb7-ti4ROrMKcRDS)).

Аkkredittelетін БББ аясында 6B02303/ 7M02301 «Филология (қазак)» білім беру бағдарламасы даярлайтын кафедра оқыту бағдарламасының тиімді менеджменті және басқа да қызмет түрлері үшін негізгі ақпаратты жинауды, талдауды және таратуды қамтамасыз ету бойынша үнемі жұмыс жүргізеді. ЖОО-да білім беру қызметтің ұсыну сапасын арттыру мақсатында ақпараттық – аналитикалық орта жұмыс істейді және түрлі ресурстар мен сервистерді көп деңгейлі біріктіру ретінде ұйымдастырылған бұл ресурс жоғары оку орнының қызметтін сипаттайтын әртүрлі деректерге ыңғайлы қолжетімділігімен ерекшеленеді.

Университетте (<https://semgu.kz/ru/>) сайты бар. Сайтқа университет туралы және білім беру бағдарламалары туралы ақпарат орналастырылады. Университеттің барлық бөлімшелері туралы ақпаратты жинау және талдау құралы ретінде «Ais.semgu.kz»,

«Platonus» ААЖ (АИС «Platonus») автоматтандырылған ақпараттық жүйесі жұмыс жасайды. «Ais.semgu.kz», «Platonus» ААЖ құралдары арқылы мәліметтерді интеграциялау жоғары оқу орнын оңтайлы және стратегиялық басқаруға арналған ақпараттар алуды қамтамасыз етеді. «Ais.semgu.kz», Platonus» ААЖ-дағы ақпараттардың бірізділігі мен шынайылығы университеттің келесі нормативті актілері арқылы тәртіптелген.

Университет білім алушыларға, қызметкерлерге, басқа да мұдделі тұлғаларға бағытталған ақпараттандыру мен кері байланыс жүйесінің тиімді қызметін қамтамасыз етеді. «Ais.semgu.kz», «Platonus» ААЖ, Агент mail.ru арқылы, электронды пошталар, ішкі чат деңгейінде ақпарат алмасады.

Жоғары оқу орнын басқарудың тиімділігі жоспарларды іске асыруды жоспарлау және бақылау жүйесінің болуымен айқындалады. Құрылымдық бөлімшелердің өкілеттіктері мен жауапкершілігін сипаттайтын басқаруды қамтамасыз ету үшін қажетті Басқару Құжаттары құрылымдық бөлімшелер туралы ережелер, лауазымдық нұсқаулықтар және т. б. болып табылады. Жоғары оқу орнын басқару жүйесі университеттің құрылымдық бөлімшелерінің қызметін реттейтін университет Жарғысына, сыртқы және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес алқалылық пен дара басшылықты ұштастыру қағидатын іске асыру негізінде қалыптастырылған. Жоғары оқу орнын басқару жүйесі университеттің құрылымдық бөлімшелері жайында ақпаратты осы (<https://semgu.kz/ru/>) сайт арқылы көруге болады. Және құрылымдық бөлімшелер қызметін реттейтін университетішлік нормативті түрлі құжаттар жөнінде ais.semgu.kz арқылы қол жеткізуге болады.

Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру және оның үздіксіз жетілдірілуі үшін өндөлген, барабар ақпаратты жүйелі пайдалану Сапа жөніндегі нұсқаулықта толығырақ сипатталған. «Ішкі аудит» құжатталған рәсімінің негізінде Сапа қызметі тарапынан университеттің құрылымдық бөлімшелерінде жузеге асырылатын барлық процестер бойынша ішкі аудит жүргізіледі.

Оқытушының жеке кабинеті оқу үдерісін қамтамасыз етуге қатысты оқытушының қызметін автоматтандыруға арналған. Жеке кабинеттің көмегімен оқытушы білім алушылардың оқу жетістіктерінің журналын толтырады, қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша білімалушыларға арналған пәндер бойынша кейстер қалыптастырады, жазбаша жұмыстарды (БӨЖ, ОБӨЖ, жазбаша өмтихан материалдары) тексеруді жузеге асырады.

Студенттің жеке кабинеті білім алушыларды оқу жетістіктері, академиялық күнтізбе, оқу сабактарының кестесі, өмтихан сессиялары, консультациялар туралы өзекті ақпаратпен қамтамасыз етуге арналған. Жеке кабинеттің көмегімен оқытушының жеке траекториясы қалыптасады, қашықтықтан сабактар, тестілеу өткізіледі.

ББ аясында құрылымдардың барлық деңгейлерін, соның ішінде бөлімшелердің нәтижелілігі мен тиімділігін бағалау, факультет кеңесінің отырысында оқу үдерісін дамыту, оның әдістемелік қамсыздандырылуын жетілдіру және студенттердің, магистранттардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру бойынша негізгі іс-шаралар; тәрбие жұмысын ұйымдастыру туралы есептер тыңдалады; ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарлары мен есептері қаралады; жұмыс нәтижелері туралы кафедралардың есептері тыңдалады; сондай-ақ оқу, әдістемелік, тәрбие жұмыстары мәселелері бойынша кафедраның жағдайына талдау жүргізіледі; студенттердің, магистранттардың дайындық деңгейінің жағдайы және кафедра жұмысының нәтижелілігі мен тиімділігін бағалауға байланысты басқа да мәселелер қарастырылады.

Ақпараттың құрылымы мен сипатына қойылатын талаптар өзгерген кезде порталдың тиісті бөлімдеріне жедел өзгерістер енгізіледі. ББ әзірлеудің, қалыптастырудың, бекітудің және іске асырудың барлық аспекттері туралы ақпарат қызметкерлердің назарына жеткізіледі және кафедра мәжілістерінде, университет ұжымымен ректордың бірлескен есеп беру мәжілістерінде талқыланады.

Университетте БББ басқару, алқалық органдардың және кафедраның қызметін бағалаудың жиілігі, формалары мен әдістері «Университет қызметін жоспарлау және бағалау» ережелерімен анықталады.

"Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті" КеАҚ Ғылыми кеңесі өз жұмысында Қазақстан Республикасының заңнамасын, "Ғылыми кеңес қызметінің үлгілік қағидаларын" және университет Жарғысын басшылықта алады, жоғары оқу орнын алқалық басқарудың негізгі нысаны болып табылады. Ғылыми кеңестің құрамына ректор, кеңестің ғылыми хатшысы, проректорлар, факультеттегі декандары, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, университеттегі жетекші ғалымдары, студенттер кіреді. Ғылыми кеңестің төрағасы ректор болып табылады.

БББ басшылығы университет порталы арқылы білім алушылардан, қызметкерлерден, сыртқы орта өкілдерінен келіп түсken барлық сауалдарға кері байланысты қамтамасыз етеді. БББ бағалауға алқалық органдар қатысады. Таңдау ішкі аудит, әдістемелік қамтамасыз ету сараптамасы, қызметті бағалау және басқарудың алқалық органдарының отырыстарында – кафедра отырысы, кафедраның әдістемелік секциялары және университеттің әдістемелік комиссиялары, университет Кеңесі, Ғылыми-әдістемелік кеңес, университеттің Ғылыми кеңесі арқылы жүзеге асырылады.

Университетте «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАК ақпараттық қауіпсіздік саясаты туралы» ережелеріне ([https://drive.google.com/drive/folders/155jiwlDTnNi\\_Ybrb7-ti4ROrMKcRDS](https://drive.google.com/drive/folders/155jiwlDTnNi_Ybrb7-ti4ROrMKcRDS)) сәйкес ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етуге және ақпараттың талдауы мен деректерді берудің дұрыстығы мен үақтылығына жауапты тұлғалар белгіленген.

ЖОО-да <http://semgu.kz> сілтемесі бойынша қол жетімді автоматтандырылуы мен айқындылығын қамтамасыз ететін қызметкерлердің жеке кабинеттерінде көрсеткіштерді электронды толтыру жүйесі жұмыс істейді.

ЖОО студенттері университеттегі оқу сапасына байланысты өз идеяларын жазбаша түрде білдіре алады. Ол үшін барлық оқу ғимараттарында хаттар мен ұсыныстар жинауга арналған жәшіктер орнатылған. Туындаған мәселелерді жедел шешу үшін университет сайтында кезкөлген студент ректорға хат жаза алады.

Ақпараттандыру және көрі байланыс жүйесі алқалы органдардың жұмысы, ректордың ұжыммен, студенттің жоспарлы кездесулері, ректордың жеке және қызметтік мәселелері бойынша қабылдауы; ректордың, декандардың блогындағы сұрақтар мен жауаптар, әлеуметтік саяннамалар арқылы жүзеге асырылады.

Бітіруші кафедралардың стратегиялық мақсаттарын іске асыру жоспарлау жүйесі арқылы жүзеге асырылады Кафедрада перспективалық даму жоспарлары бар (<https://drive.google.com/drive/folders/1hK4LfkxyZCpEZpymOh8180teMqVNEHO>).

Түлектерді жұмыспен қамту туралы ақпарат университеттің ресми сайтының (<https://clck.ru/TUBVs>) «Талапкерлерді рекрутингілеу және түлектерді жұмысқа орналастыру орталығы» бөлімінде орналастырылған.

## *Аналитикалық бөлім*

Жалпы ССК мүшелері университетте ақпаратты оңтайлы басқарудың заманауи ақпараттық жүйенің, акпараттық-коммуникациялық технологиялардың, сол сиқты бағдарламалық қуралдардың қолданылатынын ескереді.

Университетте оқу процесін басқаруға қатысты электронды құжатайналым «Ais.semgu.kz», «Platonus» ААЖ (АИС «Platonus») платформалары арқылы кеңінен қолланылады. Университетте жүргізілетін ақпаратты жинақтау контингенттің өсу динамикасын, үлгерім деңгейін білімалушылардың қанағаттану деңгейі, білім беру бағдарламаларының қолжетімділігі, білім алушыларды әлеуметтік қолдау жүйесі, түлектерді енбекпен қамту мәселелерін қамтиды. Дегенмен, университеттің БББ-ға қатысты материалдар құрамында түлектердің мансаптық өсуі, білім беру бағдарламасын жетілдіру бағытында түлектер мен БББ бойынша серіктес ұйымдармен бірлесе атқарылып жатқан жұмыстар, академиялық үткірлық бағдарламасының жүзеге асырылуы көрініс

таппағандығын атап кетуге болады. Бұл мәселелер, кәсіби бағдардың тиімділігін арттыра тусері сөзсіз.

БББ бағдарламасы түлектерімен кездесу барысында ССК мүшелері түлектер мен университет арасындағы кері байланыстың әлі де жетілдіре түсу қажеттілігін айқындағы. Сол сиқты реєсми сайтта БББ бойынша оқу үрдісін ұйымдастыратын оқытушылар туралы ақпараттың толық емес екендігін ескереді. Сайтта берілген БББ-ны жүзеге асыратын оқытушылардың (Еспенбетов А.С., Қадыров А.Қ.,) ғылыми жетістіктері, қызығушылығы мен оқытушылардың Аубакирова Қ.А., Жундибаева А.К., Қадыров А.Қ., Мурсалимов Т.К., Мухаметжанова Н.Т., Саганаева Г.Б., Сағындыққызы Г., Самекбаева Э.М., Турикпенова А.Ж., Тусупбаева С.К. т.б.) оқытылатын пәндерге қатысты біліктілігін арттыруы туралы ақпарат жоқ, не болмаса толық емес. Кері байланыс үшін телефон номерлері көрсетілмеген. Оқытушы туралы мәліметтің жүлелі болуы, толық ақпарат бере алуы білімалушылардың ақпараттану деңгейіне әсер ететіні сөзсіз, ақпарат толық және қолжетімді болуы қажет.

ССК мүшелері түлектермен кездесу барысында университет түлектерінің, БББ-на берген бағалары оқу орны туралы пікірлерінің жоғары екендігін атап кетеді. Түлектерді жұмысқа орналастыру динамикасы, олардың мансаптық өсуі де жоғары, тұрақты. Жылдан-жылға өсіп келе жатқандығы БББ-ның тиімділігін айқындауды, ББ бағдарламасының күшті жақтары болып табылады.

## **Күшті жақтары аккредиттеуге ұсынылған БББ-ның стандарт бойынша 1 күшті жағы анықталды**

### **ССК ұсыныстары:**

2021 жылғы 1 маусымга дейін Университет сайтында БББ бойынша ОПК құрамы туралы ақпаратты кәсіби біліктілігі, ғылыми жариялымдары, оқытушының ғылыми қызығушылығының бағыты, кері байланыс телефоны, электронды (коorporativtі почта) т.б. өзекті ақпараттармен толықтыру қажет.

**6B02303 «Филология (қазақ)» және 7M02301 «Филология (қазақ)» білім беру бағдарламасының «Ақпаратты басқару және есептілік» стандарты бойынша ССК қорытындысы: 1-күшті, 16 -қанагаттанарлық, 0-түзетуді қажет етеді.**

### **6.3. «Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту» стандарты**

- ЖОО БББ әзірлеудің құжатталған рәсімінің болуын және оның институционалдық деңгейде бекітілуін көрсетуге тиіс.
- ЖОО әзірленген БББ-ның белгіленген мақсаттарға және жоспарланған оқыту нәтижелеріне сәйкестілігін көрсетуге тиіс.
- БББ басшылығы пәндер мен кәсіби практикалардың оқыту нәтижелерін қалыптастыруға әсерін анықтауы тиіс.
- ЖОО оқыту нәтижелері мен жеке қасиеттерін қамтитын БББ түлегі моделінің бар екенін көрсете алады.
- БББ аяқталғаннан кейін берілетін біліктілік нақты анықталуы, түсіндірілуі және ҰБЖ, QF-ЕНЕА белгілі бір деңгейіне сәйкес келуі тиіс.
- БББ басшылығы кредиттерді аудару мен жинақтаудың Еуропалық жүйесіне (ECTS) негізделген бағдарламаның модульдік құрылымын көрсетуі, БББ-ның, оның модульдерінің (мазмұны мен құрылымы бойынша) жоспарланған оқыту нәтижелеріне қол жеткізуға бағдарлана отырып, қойылған мақсаттарға сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.

- *БББ басылығы оқу пәндері мазмұны мен оқыту нәтижелерінің бір-біріне және оқыту деңгейіне (бакалавриат, магистратура, докторантурасы) сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.*
  - *БББ басылығы білім беру бағдарламасының сыртқы сараптамаларын жүргізуіді көрсетуге тиіс.*
  - *БББ басылығы білім алушылардың, ПОҚ және басқа да стейхолдерлердің білім беру бағдарламасын әзірлеуге, сапасын қамтамасыз етуге қатысуының дәлелдерін үсінуы тиіс.*
  - *БББ басылығы білім беру бағдарламасының білім беру нарығындағы (өнірлік/ұлттық / халықаралық) орнын, оның бірегейлігін көрсетуге тиіс.*
  - *Білім алушыларды кәсіби сертификаттауга дайындау мүмкіндігі маңызды фактор болып табылады.*
  - *Шетелдік жоғары оқу орындарымен қос дипломды БББ және/немесе бірлескен білім беру бағдарламасының болуы маңызды фактор болып табылады.*

### **Дәлелдеу бөлімі**

6B02303/7M02301-«Филология (қазақ)» білім беру бағдарламалары «бакалавр» және «магистр» академиялық дәрежелерін беру үшін оқытудың барлық кезеңінде және қажетті құзыреттілікті менгеруге бағытталған жиынтық және жүйелі оқу модулі ретінде әзірленген.

Білім беру бағдарламасы өнірдің мамандыққа сұранысын есепке ала отырып, жұмыс берушілермен бірлікте әзірленген. Ұлттық және Еуропалық біліктілік шеңберіне негізделген құзыреттіліктер туралы құжаттарда көрсетілген оқыту нәтижелерін қамтиды. Сондай-ақ Білім беру бағдарламасы университеттің Стратегиялық даму жоспарына (СПР 042-01-2020) (<https://di.semgu.kz/docs/94>), Ұлттық біліктілік шеңберіне (<http://atameken.kz/>) сай, тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру бағытында құрастырылған.

БББ-ның қайта қаралуы, тлұлыштырылуы келесі механизм арқылы жүзеге асырылады: факультет көлемінде БББ әзірлейтін жұмыс тобы құрылады, жұмыс тобы әзірлеген жаңғыртылған білім бағдарламасы алдымен кафедра мәжілісінің отырысында талқыланады, одан әрі факультеттердің бірлескен академиялық комитетінің отырысында мақұлданған соң университет Фылыми кеңесіне бекітуге ұсынылады.

БББ құрастыруда еңбек нарығының талаптарын, жұмыс берушілердің үміттері және студенттердің жеке мүдделері ескерілді. (Қазақ тілі мен әдебиеті оқу кафедрасының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы отырысының № 4 хаттамасы).

БББ білім берудің тиісті деңгейіндегі МЖБС сәйкес әзірленген және бекітілген 6B02303/7M02301-«Филология (қазақ)» білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту «Шәкәрім университетінің білім беру бағдарламалары туралы ережеге» (П 042 - 1.6 - 2018) сәйкес жүзеге асырылып, университеттің Фылыми кеңесі отырысында бекітілген (хаттама: № 9. 22.04.2020).

Ректордың 06.01.2017ж. №4 бүйрекшімен барлық дайындау деңгейі бойынша білім беру бағдарламаларының жобасын талқылап, бекіту үшін Академиялық кеңес құрамы берілген.

Университеттегі жаңа Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бұрыннан бар бағдарламаларды жақсарту мақсатындағы іс-шаралар Академиялық Кеңес құзыретіне берілген.

БББ бітірген түлектердің еңбек нарығындағы сұраныстарға орай «Аударма теориясының мәселелері», «Баспасөз тілі мен стилі» сияқты пәндер де БББ-нда қамтылған.

Оқытылатын пәндердің мазмұнының өткірлігі, іргелілілігі мен ғылымның жаңа бағыттарына сәйкестігі білім беру бағдарламасына, бағдарламаның тиісті цикліне жаңа пәндер енгізу арқылы немесе әлективті пәндер каталогіне жаңа пәндер қосу арқылы,

сондай-ақ, жеке пәндердің сипаттамасына өзгерістер енгізіп, [атаалмыш](#) пәннің оқу бағдарламасы мен силлабусына толықтырулар жасау арқылы да қамтамасыз етіледі.

Білім алушылардың кәсіптік практикалары «Шәкәрім университетіндегі бакалавриат пен жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік практикасы туралы ережеге» (П 042 – 1.01 – 2019. 04.09.2019) сәйкес ұйымдастырылады. Практика мақсаты мен мазмұны практика түріне байланысты (оқу практикасы, тілдік практика, педагогикалық практика, өндірістік практика, дипломалды практикасы) анықталып, «Кәсіптік практикалардың жиынтық бағдарламасында» (ФП 042-1.01-2019-01. 04.09.2019ж.) көрсетіледі.

«Әлеуметтік мониторинг және болжау орталығы» тарапынан жыл сайын арнайы әзірленген «Шәкәрім университетінің түлегінің саул намасы» ұйымдастырылады. (Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің түлегінің әлеуметтік саул намасы материалдары. 2020 жыл, Семей (<http://csmp.semgu.kz/>). Саул намада өздері аяқтап отырған білім беру бағдарламасына, түлектің үлгісіне қатысты сұрақтар да қамтылған. Берілген жауаптардағы нәтижелер БББ-сын жақсарту барысында есепке алынады.

Білім беру бағдарламаларын ұдайы жетілдіру мақсатында университет Академиялық мәселелер жөніндегі басқарманың Сапаны дамыту, акредиттеу және бағалау бөлімі тарапынан өзін-өзі диагностикалауды және сыртқы мониторингті жүргізуі жүйелі түрде жүзеге асырып отырады.

Жалпы университеттің БББ-сын бекіту келесі этаптар арқылы жүзеге асырылатыны анықталды: білім беру бағдарламасын құрастыру және талқылау, білім беру бағдарламасын рецензиялау, білім беру бағдарламасын қайта қарau, жұмыс берушілердің және басқа да стейкхолдерлердің ескертулері мен ұсыныстары негізінде түзетулер енгізу, талқылау және бекітуге ұсыну, бекіту процедурасы. Білім беру бағдарламасын құрастыруда негізгі құжаттар ретінде КР ЖМББС, ТОБ, ТОЖ, сол сияқты кәсіби стандарттар мен оқу үрдісін реттеуінің нормативті құжаттар қолданылады. БББ жұмыс берушілермен келісіліп, кафедра мәжілісінде талқыланып, ғылыми кеңесте бекітіледі.

### *Аналитикалық бөлім*

6B02303 «Филология (қазақ филологиясы)», 7M02301 «Филология (қазақ)» БББ Қосдипломды бірлескен білім беру бағдарламаларын талдау барысында ССК мүшелері жалпы БББ-на қойылатын талаптардың орындалуымен қатар келесі ауытқудың орын алғандығын атап кетеді:

- 6B02303 «Филология (қазақ филологиясы)» БББ-ның ажырамас бөлігі болып табылатын Жұмыс оқу жоспары мен пән силлабустарында көрсетілген сағаттар сәйкесіздік анықталды. Мысалы, 1 курс «Қазіргі қазақ тілі фонетикасы» және 3 курс «Прагмалингвистика», «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Қазақ тілі тарихи грамматикасы» пәндерінің силлабустарында қазақстандық есік кредит саны көрсетілген, ал Жұмыс оқу жоспарында ECTS кредиттерді аудару және жинақтау жүйесі бойынша көрсетілген. Бұл КР МЖМББС және БжФМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті директорының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №14-4/1369-1 бұйрығымен бекітілген «Академиялық және басқарушылық дербестік жағдайында жоғары оқу орындарының жұмысы туралы әдістемелік нұсқаулықтан» ауытқу болып табылады. 2019 жылғы 1 қыркүйектен білім алушыларға МЖМББС-2018-ге сәйкес, ал бакалавриаттың 2,3,4 курстары, магистратураның 2 курсы үшін 2019 жылғы 1 қыркүйекке дейін алдынғы қолданыста болған қазақстандық академиялық кредит жаңа ECTS кредиттік жүйеге 1:1 коэффицентімен ауыстырылу қажет екені атаптады. Талдау МЖМББС, нұсқаулықтың және университетішілік ДП 042-1.09-2019 құжатының 7.1.2 тармағында көрсетілген талаптардың 2020 жылды бекітілген 1 курс үшін «Қазіргі қазақ тілі фонетикасы» және 3 курс «Прагмалингвистика», «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Қазақ тілі тарихи грамматикасы» пәндерінің силлабустарында орындалмағандығын анықтап отыр.

Сонымен қатар жоғарыда аталған силлабустарда ұсынылған негізгі әдебиеттерді рәсімдеуде КР Біліктілік талаптарының 66 пунктінен және университет көлемінде 2019 жылы оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі проректормен бекітілген «Пәннің Жұмыс оқу бағдарламасының (силлабус) құрылымы және рәсімдеуге қойылатын талаптар» ДП 042-1.09-2019 құжатының 7.1.5. тармақшасынан ауытқу анықталды. Силлабуста негізгі әдебиеттер тізімінде талапқа сай емес әдебиеттер көрсетілген. «Қазіргі қазақ тілі фонетикасы» пәні силлабусында 1991, 2008, 2002 жылдар басылымдары және 3 курс «Прагмалингвистика» пәні силлабусында 1989, 1996, 2001, 2008 жылдар басылымдары, «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәні силлабусында 1985, 1959 жылдар басылымдары, «Қазақ тілі тарихи грамматикасы» пәні силлабусында 1975, 1976, 1986, 1988 жылдар басылымдары көрсетілген. Негізгі әдебиеттер тізімінде тек соңғы 10 жыл көлемінде жарық көрген әдебиеттер ғана берілуі қажет.

ССК мүшелерінің талдауына ұсынылған силлабустағы интернет ресурстары қатарында университеттің электронды кітапхана қорына сілтеме берілмеген. Мысалы «Прагмалингвистика», «Қазіргі қазақ тілі фонетикасы», «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәндерінің силлабустарында. Сонымен қатар, «Қазіргі қазақ тілі фонетикасы» пәні силлабусында көрсетілген интернет сілтемелер ашылмайды және ашылғандарының тілдік пәнге қатысы жоқтығы анықталып отыр.

БББ-ны құрастыруда жұмыс берушілердің қатысуы бүгінгі білім беру бағдарламасына қойылатын талаптарды толық қанағаттандырмайды. БББ басшылығы бағдарлама траекториясында белгіленген мақсаттарды жүзеге асыру үшін орта білім беру мекемелерін, аударма орталықтарын, практикалық жұмыс берушілерді қосымша жұмылдыруы тиіс. Тұлектордің басым бөлігі мектептерде қызмет етуге бағытталғандығын ескерсек, бұл бағыттағы жұмыстың жандануы БББ-сының бірегейлігін қалыптастырудың тиімді болмақ.

Әр жыл сайын БББ-ның пәндер тізімі енбек нарығы сұранысына сай жаңартылуы тиіс. Талдау барысында 2019 және 2020 жылдарда әзірленген 6B02303 «Филология (қазақ)» білім беру бағдарламасында 5 пән өзгерген анықталды. Алайда бұл өзгертулер жаңа пән енгізу мақсатын көздемеген. Пәндер негізінен жинақтау принципі бойынша екі пәнде бір пәнге біріктірумен шектелген. Мысалы, 2019 жылғы БББ- да «Хандық дәуірдегі және XY-XVIII ғғ қазақ әдебиетінің тарихы» пәні «Ежелгі дәуір және XY-XVIII ғғ қазақ әдебиетінің тарихы» деп, ал «Қазақ әдебиетінің тарихы (1960-2000) және тәуелсіздік кезеңіндегі қазіргі қазақ әдебиеті»(2019) пәні 2020 жылғы БББ-да екі пәнге бөлініп, «XX ғасырдың 60- жылдарынан кейінгі қазақ әдебиеті» және «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазіргі қазақ әдебиеті» оқытыла бастайды. Бағдарламаны құрауда қайта өзгертилген. Тұбегейлі жаңа пәндерді енгізу мәселе сі қарастырылмаган.

Заманауи білім процесін ұйымдастырудың маңызды факторы болып табылатын шетелдік жоғары оқу орындарымен қос дипломды БББ және/немесе бірлескен білім беру бағдарламасының жүзеге асырылуы анықталмады.

### ***Күшті жақтары аккредиттеуге ұсынылған БББ-ның стандарт бойынша күшті жақтары анықталмады***

#### ***ССК ұсыныстары:***

#### ***6B02303 «Филология (қазақ)» білім беру бағдарламасы үшін***

1. 2021 жылғы 1 сәуірге дейін 6B02303 «Филология (қазақ филологиясы)» білім беру бағдарламасының жұмыс-оқу бағдарламасын (силлабустар) КР МЖМББС және БжсFM Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті директорының 2018 жылғы 27 жетекшісінде №14-4/1369-1 бұйрығымен бекітілген «Академиялық және басқарушылық дербестік жағдайында жоғары оқу орындарының жұмысы туралы әдістемелік нұсқаулыққа», университеттің ДП 042-1.09-2019 құжатының 7.1.2, 7.1.5 тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкестендірілсін;

2. 2021 жылғы 1 шілдеге дейін 6B02303 «Филология (қазақ филологиясы)» БББ мазмұнына жұмыс берушілер, басқа да стейкхолдерлер арасында мониторинг жүргізіп, білім беру бағдарламасының бірекеілігін танытатын, тұлектердің еңбек нарығында сұранысын арттыратын жаңа пәндерді енгізу шаралары жүзеге асырылсын.

3. 2021 жылғы 1 мамырга дейін 6B02303 «Филология (қазақ филологиясы)» БББ құрамына орта мектеп, гимназия, лицей жұмыс берушілерін енгізу мүмкіндігі ескерілсін.

4. Шетелдік жоғары оқу орындарымен қос дипломды БББ және/немесе бірлескен білім беру бағдарламасының жүзеге асыруды.

**6B02303 «Филология (қазақ)» білім беру бағдарламасының «Білім беру бағдарламасын əзірлеу және бекіту» стандарты бойынша ССК қорытындысы: 0-күшті, 9 -қанагаттанарлық, 3-түзетуді қажет етеді.**

**7M02301 «Филология (қазақ)» білім беру бағдарламасының «Білім беру бағдарламасын əзірлеу және бекіту» стандарты бойынша ССК қорытындысы: 0-күшті, 11 -қанагаттанарлық, 1 - түзетуді қажет етеді.**

#### **6.4. «Білім беру бағдарламасын тұрақты мониторингтеу және мерзімді бағалау» стандарты**

• ЖОО еңбек нарығындағы өзгерістерді, жұмыс берушілердің талаптарын және қогамның әлеуметтік сұранысын ескере отырып, БББ мазмұны мен құрылымын қайта қарастырып, қарастыруы керек.

• ЖОО БББ мақсатына қол жеткізу үшін білім беру бағдарламасының мониторингін жүргізуінде және мерзімді бағалаудың құжатталған рәсімінің болуын көрсетуге тиіс. Осы рәсімдердің нәтижелері білім беру бағдарламасын үнемі жетілдіруге бағытталған.

• БББ мониторингілеу және мерзімді бағалау мыналарды қарастыруы керек:

- нақты пән бойынша гылым мен технологияның соңғы жетістіктері контекстінде бағдарламалардың мазмұны;
- қогам мен кәсіби орта қажеттіліктерінің өзгеруі;
- білім алушылардың жүктемесі, улгерімі және бітіруі;
- білім алушыларды бағалау рәсімдерінің тиімділігі;
- білім алушылардың қажеттіліктері мен қанагаттану дәрежесі;
- білім беру ортасының және қолдау қызметтері қызметтің БББ мақсаттарына сәйкестігі.

• Барлық мұдделі тұлғалар БББ қатысты кез келген жоспарланған немесе қабылданған іс-әрекеттер туралы хабардар етілуі тиіс. Білім беру бағдарламасына енгізілген барлық өзгерістер жариялануы тиіс.

• Қолдау қызметтері білім алушылардың әртүрлі топтарының қажеттіліктерін және олардың оқытууды үйімдастыруға, оқытуға, бағалауға, жалпы БББ-ны игеруге қанагаттану дәрежесін анықтауы тиіс.

#### **Дәлелдеу бөлімі**

БББ ұсынған өзін-өзі бағалау есебінде білім беру бағдарламасын жүйелі мониторингтеу және аккредиттенетін кластер бойынша БББ-ны бағалау мәселесі туралы қажетті ақпарат ұсынылды.

Білім беру бағдарламаларын мониторингілеу және мерзімді бағалау рәсімдерін талдау: оқу жоспарлары, элективті (тандау) пәндер каталогы, білім алушылар бағдарламаларының жеке жоспарлары кафедраның мәжілісінде талқыланып бекітілген. 6B02303/7M02303 Филология (қазақ) білім беру бағдарламасы Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында бекітілген (№ 9, 24.04.2020 ж.). Білім алушылардың мониторингі мен бағалауын регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттар: білім алушылардың оқу

ұлгерімі әр жыл сайын қорытындаланып алқалы органдар (№ 7, 12.03.2020 ж.<https://drive.google.com/drive/folders/1tGTF1Yw9ph4tayg9AUhTeIKnf6SLsu-P>) және кафедра отырыстарында қаралып, хаттамалары жазылып отырады.

Білім алушыларды, ПОҚ-ты және мүдделі тараптарды сұхбаттастыру және сауалнама жүргізу; қолдау қызметтерінің жұмысын бакылау нәтижелері негізінде жүзеге асырылады.

Университеттің «Әлеуметтік мониторинг және болжамдау» орталығында студенттерді даярлау сапасын жоғарылату, сондай-ақ ББ жетілдіру және дамыту мақсатында білім алушылардың, ПОҚ мен қызметкерлердің ББ-ның орындалуына қанағаттану мониторингі сауалнама арқылы жүргізіледі. Жыл сайын «Оқытушы студенттердің көзімен», «Студенттердің білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттануы», «ПОҚ-тың еңбек шарттарына қанағаттануы» және т.б. сауалнамалар (<http://csmpl.semgu.kz/>) жүргізіледі. Сауалнамаға әр білім алушы өзінің жеке логині мен поролін қолданып қатыса алады.

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу үшін жұмыс топтарына сабактас мамандықтардың оқытушылары, студенттер, жұмыс берушілер қатысады. Оны өткізуге білім беру бағдарламасының академиялық комитетінің төрағалары жаупты болады. (Шекерім университетінің білім беру бағдарламасы туралы ереже. №4 редакция. 22.11.2018 ж.)[https://drive.google.com/drive/folders/155jiwlDTnuTNi\\_Ybrb7-ti4ROrMKcRDS](https://drive.google.com/drive/folders/155jiwlDTnuTNi_Ybrb7-ti4ROrMKcRDS)

6B02303 «Филология (қазак)», 7M02301 «Филология (қазак)» БББ жетекшілігі тұтынушылар мен басқа да мүдделі тараптардың сапалы жоғары кесіптік білім алуша қанағаттанушылық деңгейін арттыру үшін стейхолдерлер мен басқа да мүдделі тұлғалардың пікірін ескере отырып, білім беру бағдарламасының мазмұнын қайта қарап жаңартылуға бағыттаған. БББ жетекшілігі серіктестік қарым-қатынас форматындағы стейхолдерлермен өзара іс-әрекет, практика өткізу үшін базаларды ұсыну; диссертация жұмысын басқаруға тарту, университет үйымдастырған конференцияларға қатысу, жұмыс берушілердің сауалнамаға қатысуын үйымдастыру арқылы БББ жобалау және әзірлеуді жүйлі түрде жүзеге асырады.

БББ 7 адамнан тұратын 6B02303 /7M02301 «Филология(қазак)» білім беру бағдарламасының академиялық комитетімен әзірленеді. Әзірлеушілер туралы толық ақпарат «Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту» З-стандартының 3.2.1 тармағында келтірілген.

БББ мониторингі, бағалау және өзектендіру рәсімдеріне ішкі және сыртқы стейхолдерлер тартылады. Ұйымдар барлық стейхолдерлерді осы рәсімдерге қатысты алдағы немесе жүргізілген іс-қимылдар туралы ААЖ «Platonus» оқыту бағдарламасы уақтылы хабардар етіледі.

Емтихан 1 курс 80%, 2 курс 50% (3 курс ауызша-жазбаша, 4 курс ауызша-жазбаша) «PLATONUS» ААЖ компьютерлік тест түрінде қабылданады. Оқыту сапасы, өткізілген сабактың сапасы бойынша білім алушылардың шағымы Декан және Тіркеу Офисі арқылы қарастырылады. Жаупқа қанағаттанбаған жағдайда проректор және университет ректоры деңгейінде қарастырылады.

Білім алушылардың семинарларын, тәжірибелік сабактарын, оқытушылардың жетекшілігімен жүргізілетін өзіндік жұмыстарын, өзін-өзі дайындауды, емтихандар шенберіндегі және тәжірибеден өту жетістіктерін бағалауды қарастыратын оку үлгерім мониторингі рейтингтік жүйе арқылы жүзеге асырылады. ССК мүшелері мониторинг көрсеткіші соңғы 4 жылда білім алушылардың оку үлгерімі динамикасының үнемі өсу үстінде екенін анықтап отыр.

Студенттер мен магистранттардың білімін бағалау, компьютерлік тестілеу, емтихандарды қабылдау, магистранттардың білімін бақылау және электронды журнaldың оқытушымен толтырылуын қамтамасыз ететін ААЖ «Platonus» оқыту бағдарламасы қолданылып, <https://ais.semgu.kz/> бағдарламасы жұмыс жасайды.

## **Аналитикалық бөлім**

Ұсынылған стандарт бойынша белгіленген критерийлерді талдау барысында комиссия келесі мәселелерді атап көрсетеді.

Жоғары оқу орнының басшылығы білім алушылар, профессорлық-оқытушылық құрам, жұмыс берушілер үшін өздерінің ашық екендігін, диалог құруға дайын екенін көрсете алды. Басшылықтың жеке мәселелер бойынша қабылдау уақыты белгіленген, жүйелі түрде білім алушылардың ректор, проректорлар мен БББ басшылығымен кездесулері үйімдастырылып отырады. Кері байланыстың дәстүрлі түрі қолданылуымен қатар ректор блогі арқылы білім алушылар өз ұсыныстары мен өтініштерін білдіре алады. Сол сияқты университетте БББ жүзеге асыруда көп деңгейлі мониторинг жүйесі қарастырылған. БББ тиімділігін анықтау мақсатында жоспарлы түрде өзара сабакқа кіру, ашық сабак өткізу, оның қорытындысын талдау жүйелі формада жүзеге асырылады. Университет басшылығы тұрғысынан да үнемі білім сапасын қадағалау мақсатында мониторинг жүргізіліп отыратыны анықталды.

Кафедраның жұмыс жоспарында білім сапасы мен оқу үрдісіне енгізілген заманауи технологиялар мен олардың тиімділігі талқыланатыны анықталды.

6B02303 «Филология (қазақ)», 7M02301 «Филология (қазақ)» БББ миссиясын, мақсаттары мен міндеттерін бекіту, түзету рәсімі ашық, талқылауға білім алушылар, стейкхолдерлер, ПОҚ және барлық мұдделі тұлғалар жұмылдырылады. Кафедра мәжілістерінде БББ іске асырылуы туралы ақпарат жүйелі түрде жинақталып, талданады және "нәтижелілік", "тиімділік" сияқты көрсеткіштер арқылы өзін-өзі бағалау жүргізіледі.

Университеттің ресми <https://light.semgu.kz/> сайтында БББ туралы ақпарат миссия, білім сапасы бағытындағы мақсат, БББ құрамы, мазмұны туралы ақпаратты қамтиды. Өзін-өзі бағалау есебінде көрсетілген БББ қатысты жоспарланған немесе қабылданған іс-әрекеттер туралы ақпарат мұдделі тұлғаларға жарияланады деген ақпарат расталмады.

***Күшті жақтары аккредиттеуге ұсынылған БББ-ның стандарт бойынша күшті жақтары анықталмады***

### **ССК ұсыныстары:**

#### **6B02303 «Филология (қазақ)» білім беру бағдарламасы үшін**

1. 2021 жылғы 1 қыркүйекке дейін Университеттің ресми веб-сайты арқылы білім беру бағдарламасына қызығушылығы бар тұлғалардың білім беру бағдарламасына қатысты жоспарланған немесе жүзеге асырылған іс-әрекет туралы хабардар етуді жүйелеу қажет.

**6B02303 «Филология (қазақ)» білім беру бағдарламасының «Білім беру бағдарламаларын үнемі мониторингілеу және мерзімдік бағалау» стандарты бойынша ССК қорытындысы: 0 -күшті, 9 -қанагаттанарлық, 1 - түзетуді қажет етеді.**

**7M02301 «Филология (қазақ)» білім беру бағдарламасының «Білім беру бағдарламаларын үнемі мониторингілеу және мерзімдік бағалау» стандарты бойынша ССК қорытындысы: 0-күшті, 10 -қанагаттанарлық, 0 - түзетуді қажет етеді.**

### **6.5. «Студентке бағдарланған білім беру, оқыту және үлгерімді бағалау» стандарты**

• БББ басшылығы білім алушылардың әртүрлі топтарына және олардың қажеттіліктеріне құрмет пен назар аударуды, оларға икемді оқу траекторияларын беруді қамтамасыз етуі тиіс.

• БББ басылығы дайындау бағыты саласындағы әлемдік гылым мен практиканың қазіргі заманғы жетістіктері негізінде оқытуды, білім беру бағдарламасының мақсаттарына, оның ішінде құзыреттерге, талап етілетін деңгейде гылыми жұмысты орындау дағдыларына қол жеткізуі қамтамасыз ететін оқытудың әртүрлі қазіргі заманғы әдістемелерін пайдалану мен оқыту нәтижелерін бағалауды қамтамасыз етуі тиіс.

• БББ басылығы білім беру бағдарламасы шеңберінде білім алушылардың оқу жүктемесін теория мен практика арасында бөлу, әрбір түлектің БББ мазмұны мен мақсаттарының жетістіктерін игеруін қамтамасыз ету тетіктерін айқындауы тиіс.

• БББ пәндерді оқыту әдістемесі саласында жеке зерттеулердің болуы маңызды фактор болып табылады.

• ЖОО оқыту нәтижелерін бағалау рәсімдері білім беру бағдарламасының жоспарланған нәтижелері мен мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.

• ЖОО БББ оқыту нәтижелерін бағалау тетігінің дәйектілігін, ашиқтығын және объективтілігін қамтамасыз етуі тиіс. Оқу нәтижелерін бағалау критерийлері мен әдістері алдын-ала жариялануы керек.

• Бағалаушы тұлғалар оқыту нәтижелерін бағалаудың заманауи әдістерін меңгеруі және осы салада біліктілігін үнемі арттырып отыруы тиіс.

• БББ басылығы оқытуудың әртүрлі әдістемелерін пайдалану және оқыту нәтижелерін бағалау бойынша кері байланыс жүйесінің болуын көрсетуге тиіс.

• БББ басылығы бір мезгілде оқытуышы тарапынан басылық пен көмек көрсету кезінде білім алушылардың дербестігін қолдауды көрсетуге тиіс

• БББ басылығы білім алушылардың шағымдарына дең қою рәсімінің болуын көрсетуге тиіс.

### Дәлелдеу бөлімі

Білім алушылар үшін Шәкәрім университетінде оқыту кредиттік оқыту технологиясы: әр пән және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша университеттің білім алушылары мен оқытушыларының еңбек шығындарын бағалау үшін академиялық кредиттер жүйесін енгізу, жеке оқу жоспарларын қалыптастыруға тікелей қатысуын қамтамасыз ететін, білім алушылардың таңдау пәндерінің каталогына енгізілген пәндерді таңдау еркіндігі, білім алушылардың пәндерге тіркелу кезінде оқытуышыны таңдау еркіндігі, оқу процесін қағаз және электрондық тасымалдағыштарда барлық қажетті оқу және әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету, әрбір оқу пәні бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесін пайдалану негізінде жүргізіледі.

Студенттерді білім беру ортасына тез бейімдеу үшін «Білім алушының анықтамалық – жол нұсқаушысы» жүзеге асырылады. Онда студенттің ар-намыс кодексі, профессорлық-оқытушылық құрамның академиялық адалдық кодексі, университеттің картасы мен үйымдастырушылық құрылымы, факультеттер, оқу процесін үйымдастыру алгоритмі, академиялық күнтізбе, студенттің жол картасы, университеттің іс-шаралар күнтізбесі, әр күнге арналған көмекші қамтылған. Университеттің веб-сайтында орналасқан. Білім алушылар аталған құжаттармен және университеттің академиялық саясатымен бірінші оқу күні танысады, ал әрі қарай университеттің академиялық өмірімен таныстыру бойынша жұмысты әдвайзерлер жүргізеді.

Университетте студенттердің әртүрлі топтарының қажеттіліктері есепке алынып, икемді жеке білім беру тракторияларының қалыптасуына мүмкіндік жасалған. Білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылардың әр семестр бойынша жеке оқу жоспарлары (ЖОЖ) әзірленеді.

6B02303 БББ-ға барлығы 242 академиялық кредит бөлінген, соның 24 кредиті әртүрлі практика түрлеріне, 12 кредит МАҚ бөлінсе, таза теориялық оқыту 206 кредитті құрайды. БББ кредиттерінің бөлінісі білім беру бағдарламасының 5-кестесінде көрсетілген. БББ сканерленген нұсқасымен мына сілтеме арқылы танысуға болады:

Білім алушылар «Филология» БББ үшін оқу практикасының базасы болып «Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайы», Семей қаласының облыстық тарихи-өлкетану музейінен», «Семей таңы» және «Ертіс өңірі» баспалары, №7, №10, №11, №16, №17, №22, №30, №31, №32, №37, №39 мектептер табылады.

Университетте студент үлгерімі ағымдық бақылау арқылы анықталады. Ағымдық бақылау академиялық кезең барысында оқытушы тарарапынан силлабусқа (пәннің оқу бағдарламасы) сәйкес 100 балдық шкала бойынша бағаланады. Аралық бақылау 1 семестрде екі рет (7 және 15 апталарда) жүргізіледі. Ол семестрде өткен әрбір пән бойынша силлабусына сәйкес тест түрінде немесе жазбаша, ауызша бақылау түрінде өтеді. Қорытынды бақылау білім алушылардың оқудағы жетістіктерін тексеру мақсатында сессия соңында қабылданады.

Сессияның барлық пәндері бойынша емтихан тапсырмалары мен емтихан билеттерінің сұрақтары және мемлекеттік емтихандардың қорытындысы кафедра жоспары бойынша өткізілетін мәжілістерде бекітіледі.

Аралық бақылау мен емтихан кестесі тіркеу оғисі қызметкерлері факультет деканатымен келісе отырып жасалады. Емтихан кестесі оқу-тәрбие жұмыстары бойынша проректормен бекітіліп, сессияға дейін 2 апта бүрын білім алушыларға ұсынылады. Топ кураторлары мен әдвайзер тарарапынан да қажетті ақпараттар ұсынылады. Қолданылатын оқыту әдістерінің тиімділігі мен нәтижелілігін, оқыту нәтижелерін бағалау үшін ББ басшылығы кафедра мәжілістерінде, оқу-әдістемелік кеңес отырыстарында атаптап мәселеге талдау жүргізеді.

Студенттердің өтініштері, шағымдары ғылыми кеңесі отырыстарында, жиналыстарда, әртүрлі кеңестерде қаралып, арнағы жұмыстар жүргізіледі. Корпоративтік этика кодексі білім берудің студентке бағытталуына кепілдік беру отырып, білім алушылардың құқықтары мен міндеттерін анықтайды.

### **Аналитикалық бөлім**

Атаптап стандарт бойынша ССК мүшелері келесі шешімге келді:

Білім алушылар үшін университетте жүзеге асырылатын оқытудың кредиттік технологиясы, ұсынылған білім беру траекториясы орталықтандырылған білім беру принциптеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Университетте студенттерді қолдау мақсатында әлеуметтік қолдаудың әртүрлі тетіктері қолданылады. Әртүрлі санаттағы тұлғаларға арналған оқудың төлемақысы, жатақханада тұру жөнілдіктері қарастырылған. Студенттерді білім беру ортасына тез бейімдеу үшін «Білім алушының анықтамалық – жол нұсқаушысы» жүзеге асырылады.

ССК мүшелері студенттер мен университет басшылығы арасында кері байланыстын, пікір алмасудың формаларының тиімділігін атап кетеді. БББ ПОҚ-ның оқу-әдістемелік, ғылыми әлеуеті жоғары. Оқытушылардың басы БББ пәндерін бірнеше жыл бойы үздіксіз жүргізіп келеді, пәнге қатысты оқу-әдістемелік кешен, пәннің оқу бағдарламасы (силлабус), таңдау компонентінің оқу бағдарламасы, тәжірибелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулық, студенттің өздік жұмыстарына арналған әдістемелік нұсқаулық, аралық бақылау тапсырмалары мен емтихан сұрақтары т.б. әзірленген. Әр оқытушы қазіргі кездегі педагогикалық технологияларды және оқытудың жаңа әдістерін, студенттердің танымдылық әрекеттерін белсендегу әдіс-тәсілдерін енгізуге ұмтылады, соған қатысты зерттеу жүргізіп, ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндама оқып, мақалалар жариялады. ОПҚ-мен сұхбаттасу барысында «филология (қазақ филологиясы) БББ бойынша білім беруші оқытушылар оқытулатын пәндері бойынша өз зерттеулерін үнемі жарияладап отыратындығы, оқытушылардың білім беру бағдарламасы пәндеріне қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесін оқу процесіне енгізу актілері бар екендігі анықталды. Алайда бұл жариялымдар оқу процесінде қолданылмайтындығы

байқалады. Мысалы, Мұқанова Қ.Қ. «Оку сапасын жақсарту мүмкіндіктері», Самекбаева Э.М. «Қазақ тілін оқыту мәселелері», Сафанаева Г.Б. «Жаңартылған білім беру бағдарламасындағы мұғалім рөлі», Самекбаева Э.М. «Оқытудың когнитивтік теориясы», ғылыми жариялымдары, «Қазақ тілін оқыту әдістемесі пәнінің жұмыс оқу бағдарламасында қарастырылмаған,

Сонымен қатар «Филология» БББ бойынша қазіргі кезеңде оқу процесіне теорияны практикамен ұштастырудың тиімді жолы болып табылатын дуалды оқыту жүйесі енгізілмеген, оны жүзеге асырудың тетігі болып табылатын кафедра филиалының жұмысы қарастырылмаған. Кафедра филиалын ашу туралы шешім кафедра отырысының 18.02.2021 жылғы №6 хаттамасының «Әртүрлі мәселелер» тақырыбында қарастырылып, талқыланған, жүзеге асыру шаралары айқындалмаған.

ССК жұмысы барысында екі онлайн сабакқа қатысты.

1. Пән: Прагматингвистика. Оқытушы: Хасенова Н.К. сабак тақырыбы: Аударма прагматикасы. З курс. ФИ-801. Қатысқан студенттер саны - 12, тізім бойынша – 15. Сабакқа студенттердің 80% қатысты.

2. Пән: Қазақ тілі тарихи грамматикасы. Оқытушы: Мурсалимов Т.К. Сабак тақырыбы: Зат есім дамуының тарихы. Зкурс. ФИ-803 топ. Қатысқан студенттер саны – 9. Тізім бойынша- 17. Сабакқа студенттердің 53% қатысты.

Оқытушылардың сабак материалдарын толық менгергендігі, ғылыми дәйектемелер мен талдау жасай алу мүмкіндіктерінің жоғары екендігі, сабакқа қатысу барысында студенттердің белсенділігі, сабакқа деген қызығушылығы жоғары екені байқалды. Алайда оқытушылар тарапынан білім берудегі инновациялық технологиялар қолданылмағандығын, сабактың дәстүрлі формада ғана өткізілгені анықталып отыр. Онлайн оқытудың мүмкіндіктерін қолдану шектеулі, тек дәстүрлі слайд түрінде көрініс тапты. Сабак сонында қорытындылау (Мурсалимов Т.К.), студенттердің білімін бағалау (Хасенова Н.К., Мурсалимов Т.К.), жүзеге асырылмады.

**Күшті жақтары аккредиттеуге ұсынылған БББ-ның стандарт бойынша күшті жақтары анықталмады**

#### **ССК ұсыныстары:**

1. Әр жыл сайын кәсіби бағыттағы пәндер бойынша оқу процесіне енгізілген оқытуудың жаңа әдіс-тәсілдерінің тиімділігін анықтау мақсатында мониторинг жүргізілсін.

#### **6B02303 «Филология (қазақ)» білім беру бағдарламасы үшін қосынша**

2. 2021 жылғы 1 қыркүйекке дейін білім беру мекемелерінде қызмет ететін жаңартылған білім беру бағдарламасы бағытында тәжірибелі, әдіскер педагогтарды БББ бойынша білім беру процесіне араластырудың жоспарын құрастырып, жүзеге асыру қамтамасыз етілсін.

3. Пәнди оқытууды жетілдіру мақсатында жаңа 2021-2022 оқу жылына оқытуу әдістемесі, пәнди оқытуда инновациялық технологияларды қолдану, ОПҚ-ның өз зерттеулерін жүргізу және оқу процесіне ендірудің перспективалық жоспары құрастырылсын.

**6B02303 «Филология (қазақ)» білім беру бағдарламасының «Студентке бағытталған білім беру, оқыту және үлгерімді бағала» стандарты бойынша ССК қорытындысы: 0 -күшті, 8 -қанагаттанарлық, 2 - түзетуді қажет етеді.**

**7M02301 «Филология (қазақ)» білім беру бағдарламасының «Білім беру бағдарламаларын үнемі мониторингілеу және мерзімдік бағалау» стандарты бойынша ССК қорытындысы: 0-күшті, 10 -қанагаттанарлық, 0 - түзетуді қажет етеді.**

## **6.6 «Білім алушылар» стандарты**

- ЖОО білім алушылар контингентін қалыптастыру саясатын көрсетуі және оның рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз етуі тиіс. Білім алушылардың өмірлік циклін регламенттейтін рәсімдер (окуға түсуден бастап аяқталғанға дейін) айқындалуы, бекітілуі, жариялануы тиіс.
- БББ басшылығы жаңа түскен және шетелдік білім алушылар үшін арнайы бейімдеу және қолдау бағдарламаларын жүргізуі қарастыруы тиіс.
- ЖОО өзінің іс-әрекеттерінің тану туралы Лиссабон конвенциясына сәйкестігін, оның ішінде білім алушылардың академиялық ұтқырлығы нәтижелерін, сондай-ақ қосымша, формальды және бейресми оқыту нәтижелерін тану төтігінің болуын және қолданылуын көрсетуге тиіс.
- ЖОО білім алушылардың сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығы үшін мүмкіндікті қамтамасыз етуі, сондай-ақ оларға оқу үшін сыртқы гранттар алуда жәрдемдесуі тиіс.
- ЖОО білім алушылардың сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығы үшін мүмкіндікті қамтамасыз етуі, сондай-ақ оларға оқу үшін сыртқы гранттар алуда жәрдемдесуі тиіс.
- Дағынды білім алушыларды қолдау төтігінің болуы маңызды фактор болып табылады.
- Жоғары оқу орны біліктілікті салыстырмалы тануды қамтамасыз ету мақсатында басқа білім беру үйімдерімен және ENIC/NARIC «Академиялық тану және ұтқырлық жөніндегі Ұлттық ақпараттық орталықтардың Еуропалық желісінің/Ұлттық академиялық ақпараттық тану орталықтарының» ұлттық орталықтарымен ынтымақтастықты көрсетуге тиіс.
- ЖОО білім алушыларды практика орындарымен қамтамасыз етуі, бітірушілерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу, олармен байланысты қолдау рәсімін көрсетуге тиіс.
- ЖОО бітірушілерге алған біліктілігін растайтын құжаттарды, соның ішінде қол жеткізген оқу нәтижелерін беру рәсімін көрсетуге тиіс.
- БББ басшылығы бағдарлама түлектерінің еңбек нарығында сұранысқа ие дағдыларға ие екендігін және бұл дағдылар еңбек нарығында шынымен де сұранысқа ие екендігін көрсетуге тиіс.
- БББ басшылығы түлектердің жұмысқа орналасуы мен кәсіби қызметтіне мониторинг жүргізу төтігінің бар екендігін көрсетуге тиіс.
- Түлектер қауымдастығының/ассоциациясының болуы маңызды фактор болып келеді.

### **Дәлелдеу бөлімі**

ЖОО-да студенттер, магистранттар контингентін қалыптастырудың ашық саясаты қалыптасқан. Контингентті қалыптастыруда университет нормативті-құқықтық базаны басшылыққа ала отырып әрекет етеді. Контингентті қалыптастыру мемлекеттік білім беру тапсырысы және жеке қаражат есебінен жүзеге асырылады. Соңғы бес жыл көрсеткіші 5B0020500/6B02303 «Филология (қазақ)», 6M020500/7M02301 «Филология (қазак)» БББ бойынша контингенттің өсуінің тұрақты динамикасын көрсете алады (кесте-1)

*Кесте-1. Білім алушылар контингенті көрсеткіші.*

Талапкерлердің қабылдау	2016-2017 о.ж.	2017-2018 о.ж.	2018-2019 о.ж.	2019-2020 о. ж.	2020-2021 о.ж.
----------------------------	-------------------	-------------------	-------------------	--------------------	-------------------

<b>Филология - бакалавр</b>					
Оқу гранты/ келісімшарт негізінде	3/6	5/13	6/27	2/10	0/23
<b>Филология - магистратура</b>					
Оқу гранты/ келісімшарт негізде	2/2	1/5	0/6	5/	4/4

Оқуға қабылдау ережелері, қажетті құжаттар тізімі, мамандықтар тізімі туралы ақпарат арнағы стендтар мен университеттің <https://semu.kz/> ресми сайтында орналасқан, қолжетімді.

Кәсіби бағдар жұмысын жүйелеу мақсатында университет ішінен ашылған «Талапкерлерді рекрутингілеу және түлектерді жұмысқа орналастыру» орталығы қызмет етеді.

Қабылдау комиссиясында ҰБТ, КТ және білім гранттарын тағайындау жөнінде кең түрде ақпарат беру мәселесі жолға қойылған. Облыстық газеттер беттерінде Шәкәрім университеті қабылдайтын мамандықтар тізімі жарияланады. Талапкерлер үшін қабылдауға байланысты қажетті ақпараттармен стендтер әзіrlenеп, қабыргаға ілінеді.

Үміткерлерді тарту мақсатында Шәкәрім университеті жыл сайын мектеп оқушылары үшін пән олимпиадасын, дәстүрлі «Абай оқулары» байқауын өткізеді. Женімпаздарға Шәкәрім университетінің білім грантын береді, жұлдегерлерге ректор гранты беріледі, төлем бойынша 50%, 25% жеңілдіктер қарастырылған.

Студенттерді білім беру ортасына тез бейімдеу мақсатында «Нұсқаулық» уақытылы жаңартылып отырылады, мына ақпарат берілген: студенттің ар-намыс кодексі, профессорлық-оқытушылық құрамның академиялық тұгастық кодексі, университеттің, факультеттердің картасы мен ұйымдастырушылық құрылымы, оқу процесін ұйымдастыру алгоритмі, академиялық күнтізбе, студенттің жол картасы. Нұсқаулық университеттің веб-сайтында (<http://semu.kz/wp-content/uploads/2018/10/Travel guide-in-Russian.yaz-2018-19.pdf>) орналасқан.

Шәкәрім университетінде студенттердің академиялық ұтқырлығы мәселесі «Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеттің кредиттік технология бойынша оқу ісін ұйымдастырудың ережелері» және «Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеттің академиялық ұтқырлық жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтары» ([https://drive.google.com/drive/folders/155jiwlDTnuTNi\\_Yrb7-ti4ROrMKcRDS](https://drive.google.com/drive/folders/155jiwlDTnuTNi_Yrb7-ti4ROrMKcRDS))

құжаттарымен реттеледі. Осы құжаттар негізінде ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлық мәселесін ұйымдастыру тәртібі анықталады.

2019/2020 оқу жылында ішкі ұтқырлық бойынша филология мамандығы бойынша 2 студент, сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша 2019/2020 оқу жылында 2 студент өткен (кесте-2)

#### *Кесте 2. Академиялық ұтқырлық бойыниша мәлімет*

№	Аты-жөні	Мамандық	Курс	Оқу түрі	Оқу тілі	Жіберілген жері
---	----------	----------	------	----------	----------	-----------------

#### **2 семестр 2019/2020 оқу жылы**

1	Ирыскулова Ұлжан	5B020500- филология	3	келісімш арт	түрік	Түркия мемлекеті, Денизли қаласы, Памуккале университеті, Түрік тілі мен әдебиеті факультеті
2	Умітбекова Рысжан	5B020500- филология	3	келісімш арт	түрік	Түркия мемлекеті, Денизли қаласы, Памуккале университеті, Түрік тілі мен әдебиеті факультеті

3	Рахатбек Ақжібек	5B020500-филология	2	келісімшарт	қазақ	Қазақстан, Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті
4	Талғарбекова Ақерке	5B020500-филология	2	келісімшарт	қазақ	Қазақстан, Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті

Білім алушылардың шығармашылығын дамыту мақсатында университетте «Филология» БББ білім алушылары үшін «Тілтаным», «Асыл сөз», «100 сөйлем» үйрмелері ұйымдастырылған. Үйрмелер жұмысының нәтижесі ретінде білім алушылар ғылыми баяндамалар дайындалады, әртүрлі деңгейдегі конференцияларға қатысады, пәндей олимпиадаға дайындалып, бітіру жұмыстарының тақырыптары бойынша зерттеу жүргізеді. Үйірме жұмыстарының тиімділігі білім алушылардың ғылыми бағыттағы жетістіктері екенін ескерсек, келесі алғынған статистикалық мәлімет растай түседі (кесте 3).

### Кесте 3.Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартылуы

жылы	Конференцияларға қатысуы	Пәндей олимпиадада жүлделі орын алушары	Білімалушылардың конференцияларда жүлделі орын алушары	Студенттік үйрмелерге қатысушы студенттер саны	МАК ғылыми және практикалық құндылығы ерекше деп атап өткен дипломдар мен жобалардың саны
2018 ж	6	0	4	55	15
2019 ж	13	4	8	38	7
2020ж.	15	8	12	37	10
Барлығы	34	12	24	130	32

Бұл көрсеткіш филология білім беру бағдарламасын жүзеге асыруыш ОПҚ әлеуетінің жоғары екенін дәлелдей түседі.

Білім беру бағдарламасының білім алушылары университеттің студенттік ұйымдарымен тығыз байланыс орнатқан. Студенттік ұйымдардың жұмысы «Студенттік өзін-өзі басқару ережесі» ([https://drive.google.com/drive/folders/155jiwlDTnuTNi\\_Yrb7-ti4ROrMKcRDS](https://drive.google.com/drive/folders/155jiwlDTnuTNi_Yrb7-ti4ROrMKcRDS)) негізінде жүзеге асады.

Білім беру бағдарламасының білім алушылары студенттік парламент, «кіші» декан, ғылым бойынша комитет, «Жас Отан» жастар қанаты, Қазақстан студенттер альянсы, кәсіподақ комитеті, жатақхананың студенттік кеңесі, «Enastus» жастар қоғамы, дебат клубтары сияқты студенттік ұйымдар жұмысына араласа алу мүмкіндігі қарастырылған.

ББ бағдарламасы бойынша білім алушыларының өндірістік практикасын өткізу жолға қойылған. «Семей таңы» және «Ертіс өнірі» баспалары, педагогикалық практика базалары болып табылатын №7, №10, №11, №16, №17, №22, №30, №31, №32, №37, №39 қала мектептері, «М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі», «М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, «Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-муражайы», Семей қаласының облыстық тарихи-өлкетану музейі». Барлық мекеме, ұйымдармен тиісті келісімшарт жасалған.

Бітіртуші кафедра түлектердің жұмысқа орналастыру мақсатында аймақтағы білім ұйымдарымен, ғылыми орталықтармен өзара бірлесіп жұмыстар жасайды. Бітіртуші түлектердің түйіндемелері [smart.semgu](http://smart.semgu.kz) сілтемесі бойынша PLATONUS-қа енгізілген, жыл сайын түлектердің жұмысқа орналастыру бойынша – «Бос орындар жәрменекесі».

Тұлектерді жұмысқа орналастыру және тұлектердің мансап маркетингісінің өсу жағдайы «Талапкерлерді рекрутингілеу және тұлектерді жұмысқа орналастыру» орталығының құзіреті болып табылады.

2014 жылдан бастап Семейдің Шәкәрім атындағы университетінде әртүрлі буын тұлектерін, қызметкерлер мен студент жастарды біріктіретін тұлектер қауымдастыры жұмыс істейді.

### *Аналитикалық бөлім*

6B02303 «Филология (қазақ)», 7M02301 «Филология (қазақ)» БББ студенттері, магистранттары, тұлектерімен кездесу барысында БББ деңгейі қанағаттандыратындығын, білім алу барысында ұсынылатын материалдардың деңгейі жоғары екендігін атап өтті.

БББ бойынша жоғары оқу орнына қабылданатын білім алушылар қалыпты динамикасының болуы білім сапасының жоғары екендігін, талапкерлермен жұмыстың жүйелі түрде жүргізілетіндігін көрсетеді.

Жоғары оқу орны тұлектерді магистратурага тарту бағытында ақпараттық-түсіндіру, имидждік, мәдени көшілік, тілдік курсарды ұйымдастыруды қамтитын жүйелі шараларды ұйымдастырған.

Толыққанды оқу үрдісін ұйымдастыру мақсатында білім алушылар үшін барлық жағдайлар; студенттік қызығушылығы бойынша клубтар мен үйірмелер, ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыру үшін ғылыми бағыттағы үйірмелер жұмысы жүйелі түрде ұйымдастырылып, нәтижесі білім алушылардың белгілі ғылыми жетістіктерге жетуге бағытталғанды анықталды. Университет білім алушылардың қоғамдық белсенділігін арттыру мақсатында жастар саясатын жүзеге асыру тетіктерін қалыптастырған. Білім алушылардың сабактан тыс уақыттағы шығармашылыққа жұмылдыруы әлеуметтік кері жаңалықтарден сақтануға септігін тигізеді.

Сонымен қатар ССК мүшелері 6B02303 «Филология (қазақ)», 7M02301 «Филология (қазақ)» БББ бойынша білім алушылардың қатысуымен академиялық ұтқырлық бағдарламасының жүзеге асатындығын ескере отырып, әлі де бұл бағытта жұмысты жандандыра түсү қажеттілігін атап өтеді. Бұл бағыттағы өзін-өзі бағалау есебінде берілген соңғы жылдардағы 2 ішкі және 2 сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысқан студенттер көрсеткіші төмен болып табылады. Тұлектермен кездесу барысында Тұлектер ассоциациясы жұмысы жеткілікті деңгейде ұйымдастырылмағаны анықталды. Университет пен тұлектер арасында кері байланыс жақсартуды қажет етеді.

### *Күшті жақтары аккредиттеуге ұсынылған БББ-ның стандарт бойынша жақтары анықталмады*

#### *ССК ұсыныстары:*

1. 6B02303 «Филология (қазақ)» және 7M02301 «Филология (қазақ)» білім беру бағдарламасы бойынша студенттердің біліктілігін арттыру мақсатында академиялық ұтқырлық бойынша Қазақстанның басқа оқу орындарына жіберу аймағын кенекту және шетел жоғары оқу орындарына жіберу бағытында қосымша шаралар қабылдау қажет.

2. 6B02303 «Филология (қазақ)» және білім беру бағдарламасы бойынша тұлектермен кері байланыс орнату мақсатында тұлектердің қатысуымен біріккен әрекеттерді жүзеге асырудың шараларын ұйымдастыру.

**6B02303 «Филология (қазақ)» және 7M02301 «Филология (қазақ)» білім беру бағдарламаларының «Білім алушылар» стандарты бойынша ССК қорытындысы: 0-күшті, 11 -қанагаттанарлық, 1-түзетуді қажет етеді.**

## **6.7 «Профессор-оқытушылар құрамы» стандарты**

- ЖОО-да жалдамалы (оның ішінде шақырылған ПОҚ), бүкіл штаттың кәсіби құзыреттілігін қамтамасыз ететін персоналдың кәсіби өсүі мен дамуын қамтитын білім беру бағдарламасы бойынша объективті және ашиқ кадр саясаты болуы тиіс.
- ЖОО ПОҚ сапалық құрамының белгіленген біліктілік талаптарына, ЖОО стратегиясына, білім беру бағдарламасы мақсаттарына сәйкестігін көрсетуге тиіс.
- БББ басшылығы студентке бағдарланған сабак беру мен оқытуға қошуғе байланысты оқытуши рөлінің өзгеруін көрсетуге тиіс.
- ЖОО ПОҚ-тың, оның ішінде жас оқытушылардың мансаптық өсүі мен кәсіби дамуына мүмкіндік беруі тиіс.
- ЖОО БББ талаптарына сәйкес келетін кәсіби құзыреттіліктері бар тиісті салалардың мамандарын оқытуға тартуы тиіс.
- ЖОО ПОҚ-тың кәсіби және жеке дамуын ынталандыру тетігінің бар екендігін көрсетуге тиіс.
- ЖОО білім беру үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен бағдарламалық құралдардың (мысалы, on-line оқыту, e-портфолио, MOOCs және т. б.) ПОҚ-тың кеңінен қолданылуын көрсетуге тиіс.
- ЖОО қызметтің академиялық ұтқырылқұты дамытуға, үздік шетелдік және отандық оқытушыларды тартуға бағытталғанын көрсетуге тиіс.
- ЖОО әрбір оқытушының ЖОО-дагы сапа мәдениеті мен академиялық адалдықты ілгерілетуге тартылғандығын көрсетуі, ПОҚ-тың, оның ішінде шақырылғандардың БББ мақсаттарына қол жеткізудегі улесін анықтауы тиіс.
- ПОҚ-тың аймақ пен елдің экономикасын, білімін, ғылымы мен мәдениетін дамытуға қатысуы маңызды фактор болып табылады.

### **Дәлелдеу бөлімі**

Шәкәрім университетінің профессор оқытушылар құрамын жұмысқа қабылдау, қызметке тағайындау, қызмет бабында жоғарылату, марарапттау, қысқарту және жұмыстан босатудың айқын, ашиқ және объективті критерийлері жасалған, олардың құқықтары мен міндеттері, қызметтік нұсқаулар Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің заңнамасының талаптарына сәйкес, еңбек шартын жасасу арқылы жүзеге асырылады. ПОҚ қызметіне қабылдау ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес, университет әзірлеген Шәкәрім университетінің профессорлар-оқытушылар құрамының Бос лауазымдық орындарды басу Ережесі, ПОҚ-тың лауазымдық нұсқаулығы негізінде жүзеге асырылады. («Персоналды басқару тәртібі. Құжаттау рәсімі». 2- басылым, 3.09.2018; «Профессор-оқытушылар құрамын лауазымдарға конкурстық негізде орналастыру туралы ереже» №3-басылым, 01.11.2018).

ПОҚ қызметін ауыстыру еңбек келісім-шартын жасасу арқылы немесе конкурс негізінде жүзеге асады. Жұмысқа қабылдау ректордың бүйрекімен рәсімделеді.

Университетте ПОҚ және басқа қызметкерлердің саны штаттық кесте негізінде анықталады. Қызметкерлерге қажеттілікті жоспарлау оқу жылына арналған штаттық кестенің жобасын жасау жолымен немесе HR менеджмент және құжаттамалық қолдау қызметінің толықтыруымен жүзеге асырылады.

Кафедраларда профессорлық-оқытушылар құрамын іріктеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген "Жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерін лауазымдарға конкурстық тағайындау

ережесі" Нормативтік құжатында белгіленген талаптарға сәйкес конкурс негізінде жүргізіледі.

Университет басшылығының қол жетімділігі университет қызметкерлерімен кездесулерде, Instagram әлеуметтік желісі, университеттің ресми сайты арқылы қарым-қатынаста көрінеді, сондай-ақ қоғамдық қабылдау бөлмесі жұмыс істейді, онда мекеме қызметкерлері аудио, видео-өтініштер арқылы және жазбаша түрде басшылықпен байланысуға мүмкіндік алады, олар дереу ЖОО басшылығына танысуға беріледі.

Кафедрада кадрлардың ауысуы байқалмайды. Қызметкерлерді жұмыстан босату сирек кездеседі, атап айтқанда, тұрғылықты жерін ауыстырған кезде, зейнетке шығу, денсаулығына байланысты және жұмыс орны өзгерген кезде ғана жүзеге асырылады.

Әр оқу жылында ПОҚ қызмет сапасын бақылау мақсатында мониторинг жүргізіледі. Қызметкерлердің жұмысқа қанағаттанушылығы жөнінде саулнама және «Оқытушы студент көзімен» саулнамасы тұрақты алынады. Оқытушылардың кәсіби деңгейін анықтау мақсатындағы мониторингтер, білім берудің сапасын көтеру мақсатында жүргізілген саулнамалар білім беру үдерісінің сапасын арттыруға ықпал ететіні сөзсіз.

Профессорлық-оқытушылық құрамның сапасы белгіленген біліктілік талаптарына, ЖОО стратегиясы мен білім беру бағдарламасының мақсаттарына сәйкес келеді. Профессорлық-оқытушылық құрам білім беру бағдарламасын тиімді іске асыру қажеттіліктеріне сүйене отырып, сондай-ақ бір штаттық оқытушыға және білім алушылар континентіне арналған оқу жүктемесінің жалпы көлеміне сүйене отырып қалыптастырылады.

Кафедраның профессорлық-оқытушы құрамының кадрлық әлеуеті білім беру қызметін лицензиялаудың талаптарына сәйкес келеді және оқытушылардың кәсіби білімі бар және оқытуудың қазіргі заманы әдістемелерін, оқу үдерісі барысында білімалушыларға тиянақты білім беру үшін қажетті іскерліктер мен тәжірибелерді менгерген.

Профессорлық-оқытушылар құрам біліктілігінің деңгейі аткарып отырган лауазымдарына және аталған сала бойынша талап етілетін ғылыми дайындық деңгейіне сый келеді. Базалық және профильдік пәндерді оқыту штаттық оқытушылармен (100%) қамтамасыз етілген. БББ-ның бағыты 6B02303 бакалавр және 7M02301 «Филология (қазақ)» мамандығы бойынша дайындауға сәйкес келеді. ПОҚ-тың кадрлық құрамы тұрақтылығымен ерекшеленді.

Қорыта айтқанда 5B020500 /6B02303–бакалавр және 7M02301-магистратура бағытындағы «Филология (қазақ)» білім беру бағдарламасы бойынша оқытууды жоғары педагогикалық шеберлікпен және ғылыми әлеуетпен қарууланған мамандар іске асырады.

5B020500/6B02303 бакалавр және 6M020500 /7M02301 магистратура бағытындағы «Филология (қазақ)» білім беру бағдарламасы бойынша ПОҚ кәсіби құзыреттілікті ғылыми, теориялық және тәжірибелік бағдарлаудың талаптары негізінде жүзеге асырылады.

ПОҚ құзыреттілігіне жалпы баға беретін құжаттар (ашық сабак, өзара сабакқа қатысу, студенттер мен магистранттардың саулнамасы және т.б.) кафедрада бар.

Кафедрада жас мамандарды дамыту және кадр резервін қалыптастыру бойынша мақсатты іс-әрекеттер жүзеге асырылады. Жас мамандардың кәсіби шеберлігін арттыру, жеке педагогикалық қабілетін арттыру, ашу, үнемі өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру қажеттілігін қалыптастыру үшін жағдай жасау мақсатында «жас менторлар» мектебі жұмыс істейді, онда жас мамандарға көмек көрсетіледі. «Ментор мектебі» «Семей қ. Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің менторлық ережесі» негізінде қызмет етеді.

Университетте ЖОО қызметі академиялық ұтқырлықты дамытуға, үздік шетелдік, отандық оқытушыларды тартуға бағытталған. Шетелдік Түркияның Памуккале университетімен, Ховл мемлекеттік университеті, Моңғол Халық Республикасы, Алтай мемлекеттік университеті, Ресейдің А.С.Пушкин атындағы мемлекеттік орыс тілі

институтымен ынтымақтастық келісім шарты жасалған. 2018 жылы сәуір айында Туркияның Мармара университеті, Түркітану ғылыми-зерттеу институтының Phd докторы, Ниргис Бирай және Түркия, Афион қаласы, Қожатепе университетінің профессоры, PhD доктор, Хұсейін Қахраман Мұтлұ Шәкәрім университетінде, 2020-2021 оку жылдарының 1-семестрінде академиялық үткышылардың бағдарламасы бойынша онлайн форматта кафедраның доценті Мұқанова Қаршыға Тұран университетінде дәріс оқыды.

### ***Аналитикалық бөлім***

ССК сарапшылары оқытушылар мен білім алушылар арасында қатынас деңгейінің жоғары екендігін атап кетеді. Кафедралардың профессорлық-оқытушылық құрамының ғылыми жобалар конкурстарына қатысуы ғылыми әлеуметтің жоғары екендігінің айғағы болып табылады. Мысалы, 2016 жылы «Алашорда және түркі халықтары әдебиеті» тақырыбында ҚР БФМ грантына кафедра оқытушыларынан Жундибаева А.К. З млн. көлемінде қаржыландырылған ғылыми жобаға қатысса, «Оқу үдерісіне психолингвистикалық әдіс-тәсілдерді ендіре отырып, жана буын оқулықтарын когнитивті модельдеу» тақырыбындағы университетішлік ғылыми жобаларға оқытушылар Сәмекбаева Э.М., Жұмағұлова Ә.М. қатысқан, 2017 жылы «Семей өңірінің ақын-жазушылары әдеби-анықтамалығын баспаға әзірлеу және ұсыну» тақырыбында (Еспенбетов А.С., Жундибаева А.К., Ақтанова А.С., Бөлесова А.Е.). 1 млн. 700 мың т. көлемінде қаржыландырылған ғылыми жобаға, 2019 жылы кафедра оқытушыларынан Қ.Қ. Мұқанова “Қазақтар жаһанданған әлемде мақал-мәтеді қалай қолданады: экологиялық дискурс” тақырыбында жоспарланған ғылыми жобаға қатысты. Алайда ҚР БФМ тарапынан жылда жарияланатын конкурстарға соңғы жылдары университет оқытушыларының қатысу фактілері табылмады.

Кафедраның 2020-21 оку жылына арналған жұмыс жоспарында оқытушылардың ғылыми жұмыстарының жоспары ұсынылған. Кафедра оқытушыларының жыл көлемінде тек 1 мақала және 3 монография жариялауды жоспарлаған. Оның ішінде жоғары импакт-факторлы басылымдарда және БСБК ұсынған басылымдарда жариялау жоспарланбаған. Бұл әлеуеті жоғары ғылыми ұжым үшін өте аздық етеді, жоғары оқу орнында қызмет ететін ПОҚ 100% ғылыми зерттеу жұмыстарына жұмылдырылуы тиіс.

Стандартты талдау барысында ССК мүшелері білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын оқытушының ҚР Жоғары оқу орындары қызметіне қойылатын біліктілік талаптарының 73 пунктіне сәйкес университеттің <https://semgu.kz/> ресми сайтында көрсетілген оқытатын пәндері бағыты бойынша біліктілік курстарын өтпегендігін анықтады. Мысалы, Ақтанова А.С., Аубакирова К.А., Еспенбетов А.С., Жундибаева А.К., Кадыров А.К., Мухаметжанова Н.Т., Саганаева Г.Б., Самекбаева Э.М., Сағындыққызы Г., Тусупбаева С.К., Хасенова И.К.,

### ***Күшті жақтары аккредиттеуге ұсынылған БББ-ның стандарт бойыниша күшті жақтары анықталмады***

#### ***ССК ұсыныстары:***

1. 2021 жылдың 1 қыркүйегіне дейін БББ жүзеге асыруға жұмылдырылған ПОҚ-тың ғылыми жұмысын жетілдірудің, оның ішінде ғылыми жобаларға қатысу, ғылыми мақалаларды шетелдік жоғары импакт-факторлы, отандық БСБК ұсынған журналдарда жариялаудың перспективалық жоспарын құрастыру.

2. 2021-2022 оку жылдарының басына дейін Жоғары оқу орындары қызметіне қойылатын біліктілік талаптарының 73 пунктіне сәйкес 6B02303-бакалавр және 7M02301-магистратура бағытындағы «Филология (қазақ)» білім беру бағдарламасы бойынша білім

беретін оқытушылардың оқытын пәндері бойынша біліктілік курсынан өту жоспарын құрастыру ұсынылады.

**6B02303 «Филология (қазақ)» білім беру бағдарламасының «Профессор-оқытушылар құрамы» стандарты бойынша ССК қорытындысы: 0 -күшті, 9 - қанагаттанарлық, 1 - түзетуді қажет етеді.**

**7M02301 «Филология (қазақ)» білім беру бағдарламасының «Білім беру бағдарламаларын үнемі мониторингілеу және мерзімдік бағалау» стандарты бойынша ССК қорытындысы: 0-күшті, 10 -қанагаттанарлық, 0 - түзетуді қажет етеді.**

#### **6.8 «Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйесі» стандарты**

• ЖОО білім беру ресурстарының, оның ішінде материалдық-техникалық және инфрақұрылымның білім беру бағдарламасының мақсаттарына сәйкестігіне кепілдік беруі тиіс.

• БББ басылығы қазіргі заманғы жабдықтармен жарақтандырылған және білім беру бағдарламасы мақсаттарына қол жеткізуі қамтамасыз ететін аудиториялардың, зертханалардың және басқа да объектілердің болуын көрсетуге тиіс.

• ЖОО ақпараттық ресурстардың ЖОО-ның және іске асырылатын білім беру бағдарламасы қажеттіліктеріне, оның ішінде мынадай бағыттар бойынша сәйкестігін көрсетуге тиіс:

- білім беру бағдарламаларына сәйкес білім алушылар мен ПОҚ-ты технологиялық қолдау (мысалы, онлайн-оқыту, модельдеу, деректер базасы, деректерді талдау бағдарламалары);

- кітапхана ресурстары, оның ішінде жалпы білім беретін, базалық және бейіндік пәндер бойынша қағаз және электрондық тасығыштардағы, мерзімді басылымдардағы оқу, әдістемелік және гылыми әдебиеттер қоры, гылыми дереккөрларга қолжетімділік;

- ГЗЖ нәтижелерін, бітіру жұмыстарын, диссертацияларды плагиатқа сараптау;

- білім беру Интернет-ресурстарына қол жеткізу;
- өз аумағында WI-FI жұмыс істейуі.

• ЖОО гылыми зерттеулер жүргізу, гылым мен білімнің интеграциясы, ПОҚ, қызыметкерлер мен білім алушылардың гылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін жариялау үшін жағдай жасаітынын көрсетуге тиіс.

• ЖОО білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін пайдаланылатын оқу жабдығы мен бағдарламалық құралдардың тиісті оқу бағдарламаларында пайдаланылатындарға үқсас болуына ұмтылуы тиіс.

• БББ басылығы ақпараттандыру мен кеңес беруді қоса алғанда, білім алушылардың әртүрлі топтарын қолдау рәсімдерінің болуын көрсетуге тиіс.

• БББ басылығы білім алушының жеке білім беру траекториясы бойынша алға жылжусы үшін жағдайлардың болуын көрсетуге тиіс.

• ЖОО білім алушылардың әртүрлі топтарының (ересектер, жұмыс істейтін, шетелдік білім ал

• ЖОО инфрақұрылымның қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.

#### **Дәлелдеу бөлімі**

Оқу орнында материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстар үнемі жаңарып отырады. Бұл процесс БББ білім беру сапасын қамтамасыз етудің басты факторы болып

табылады. Ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылымды білім беру процесіне интеграциялау, қызметкерлер мен білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін жариялау үшін қажетті жағдайлар жасалынған.

ЖОО инфрақұрылымы 23 науқсаннан тұрады, оған 13 оқу ғимараты, 4 жатақхана, 2 спорт кешені, футбол алаңы бар спорт алаңы, гараж, кітапхана, оқу базасы, агробиостанция, «М.С.Панин ат. радиоэкологиялық зерттеулер орталығы» инженерлік бейінді зертхана кіреді.

6B02303 Филология (қазақ), 7M02301 Филология (қазақ) білім беру бағдарламасын жүзеге асыру үшін жеткілікті материалдық-техникалық база бар. Зертханалардың құрылымы, құрамы және техникалық ресурстардың саны мамандықтың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарымен, модульдік білім беру бағдарламасымен, жұмыс оқу жоспарларымен, пәндердің жұмыс оқу бағдарламаларымен, оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарларымен және өзге құжаттармен сәйкес оқу үдерісі мен барлық өзге процестерді және университеттің жарғылық қызметін сапалы жүзеге асырудың міндетті қамтамасыз етілуімен анықталады.

«Филология» БББ оқу үдерісінде оқытудың техникалық құралдарымен жабдықталған оқу және ғылыми зертханалар, арнайы аудиториялар мен кабинеттер, компьютерлік және мультимедиялық сұнныптар пайдаланылады. Университеттің оқу және зертханалық ғимараттары заманауи жабдықтармен жабдықталған, қазіргі санитарлық стандарттарға, өрт қауіпсіздігі талаптарына, білім беру ұйымдарының қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді. БББ бойынша студенттер № 7 оқу ғимаратында білім алып, спорт кешенінде дene шынықтыру пәнін өткізеді.

Аудиториялардың материалдық қорлары компьютерлік технологиялармен, интерактивті тақталармен, лингафондық жабдықтармен, аудио-видео жабдықтармен, мультимедиялық проекторлармен, қөшірме жабдықтарымен және бағдарламалық өнімдермен жабдықталған. Нақтылап айтсақ, оқу үдерісінде бірнеше аудитория, арнайы кабинет (510, 506, 809, 803), 2 компьютерлік сұннып, (№ 512, 504) пайдаланылады.

Жалпы мамандық студенттердің оқу үдерісінде пайдаланылатын оқу ауданы КР МЖМБС 5.03.009-2006 «Жоғары оқу орындарының оқу-материалдық активтері» бойынша қойылатын санитарлық және өртке қарсы нормаларға, нормативтік көрсеткіштерге толық сәйкес келеді.

Университеттің интернет-сервері semgu.kz атаяуна ие және университеттің әлемдік желідегі ICS идентификациясын ұсынады. Қашықтықтан оқытын студенттер үшін интернет-сервер cdo.semgu.kz порталы жұмыс істейді.

Университеттің декандары, кафедралары мен бөлімшелері арасындағы байланысты қамтамасыз ететін IP-Телекоммуникация орталығы жұмыс істейді.

Университет кітапханасы «Филология» білім беру бағдарламасының студенттері мен магистранттарына арналған оқу үдерісін жүзеге асыруға қажетті негізгі оқу-әдістемелік, ғылыми, анықтамалық, мерзімді және басқа әдебиеттермен қамтамасыз етілген. Кітап қорымен қатар электронды кітапхана жүйесінде қолданылады, оның құрамында дәл қазіргі уақытта 3061 дана (1744-ана тілінде) кітап, ғылыми оқулық, ПОӘК, профессор-оқытушылық құрамының дәрістер курсы енгізген. Кітапханада электронды католог, толық мәтінді ақпараттар қоры (АҚ), кітапхана қорындағы электронды ақпараттар базасы, CDR-дискілеріндегі ақпарат көздері бар.

### **Аналитикалық бөлім**

ССК мүшелері университеттің білім беру бағдарламалары, соның ішінде 5B020500/6B02303-Филология (қазақ) (бакалавр), 6B020500/7M02301-Филология (қазақ) (магистратура) білім беру бағдарламалары да оқу процесіне қажетті талапқа сай ресурстармен қамтылғандығын атап өтеді. Комиссия мүшелері білім беру бағдарламалары басшылығының университет ресурстарын оқу процесінде толығымен қолдану

мүмкіндіктері бар екенін, студенттермен, магистранттар, оқытушылармен кездесу барысында толық көз жеткізе алды.

Университет локальді желіге біріктірілген компьютерлік парк және интерактивті техникамен жабдықталған. Университеттің ақпараттық қамтамасыздандырылуы талапқа сай, кітапхана қоры оқу процесі үшін қажетті оқу материалдарымен жинақталған. Жүйелі түрде кафедра өтініштері негізінде кітап қоры толықтырылып отырады.

ССК жұмысы барысында студенттерден алынған сауалнама оқу материалдарымен жасалатын қолдауға қанағаттану 80%, кітапхана ресурстарымен 81,2%, оқу залдарының қызыметімен 81,3%, компьютерлік сыныптардың қолжетімділігімен 70%, веб-сайттың тиімділігімен 79,5 студенттер қанағаттанатындығын атап кетті.

Озін-өзі бағалау есебінде 5B020500/6B02303-Филология (қазақ) (бакалавр), 6B020500/7M02301-Филология (қазақ) (магистратура) білім беру бағдарламалары бойынша ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар туралы толық ақпарат ұсынылмаған.

**Күшті жақтары: аккредиттеуге ұсынылған БББ-ның стандарт бойынша күшті жақтары анықталмады**

**6B02303 «Филология (қазақ)» және 7M02301 «Филология (қазақ)» білім беру бағдарламасының «Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйелері» стандарты бойынша ССК қорытындысы: 0-күшті, 13 -қанағаттанарлық, 0 - түзетуді қажет етеді.**

#### **6.9 «Қогамды ақпараттандыру» стандарты**

- ЖОО жариялайтын ақпарат дәл, обьективті, өзекті болуы және білім беру бағдарламасы шеңберінде жоғары оқу орнының қызыметінің барлық бағыттарын көрсетуге тиіс.
- Қогамды ақпараттандыру ету үлттық даму бағдарламаларын және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін қолдауды және түсіндіруді көздеуі тиіс.
- ЖОО басшылығы қалың жүргіштылықты және мүдделі тұлғаларды ақпараттандыру үшін ақпаратты таратудың әртүрлі тәсілдерін (оның ішінде БАҚ, веб-ресурстар, ақпараттық жөнілдер және т. б.) пайдалануы тиіс.
- ЖОО-ның білім беру бағдарламасы туралы жариялайтын ақпараты обьективті және өзекті болуы және мыналарды қамтуы тиіс:
  - БББ мақсаты мен жоспарланған нәтижелері, берілетін біліктілік;
  - білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі туралы мәліметтер;
  - серіктес жоғары оқу орындарымен, жұмыс берушілермен академиялық үткірлық бағдарламалары және ынтымақтастықтың басқа түрлері туралы ақпарат;
  - білім алушылардың жеке және кәсіби құзыреттерін дамыту және жұмысқа орналастыру мүмкіндіктері туралы ақпарат;
  - БББ-ның білім беру қызыметтері нарығындағы ұстанымдарын көрсететін деректер (өңірлік, үлттық, халықаралық деңгейлерде).
- Ашиқ ресурстарда профессорлық-оқытушы құрамы туралы, тұлғалар түрлісінан сенімді ақпаратты жариялау маңызды фактор болып табылады.
- ЖОО білім беру бағдарламасы бойынша аудиттелген қаржылық есептілікті өз веб-ресурсында жариялауы тиіс.
- ЖОО сыртқы бағалау рәсімдерінің нәтижелері бойынша ақпаратты және сыртқы ресурстарға сілтемелерді орналастыруы тиіс.
- Серіктестермен, оның ішінде гылыми/консалтингтік үйымдармен, бизнес және әлеуметтік серіктестермен, білім беру үйымдарымен ынтымақтастық және өзара іс-әрекет туралы ақпаратты орналастыру маңызды фактор болып табылады.

## *Дәлелдеу бөлімі*

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің қызметі жайлы жарияланатын ақпараттар жоғары оқу орнының барлық бағыттағы атқарылған іс-шаралары бойынша өзекті және шынайы мәліметтерден тұрады. Университет бұқаралық ақпарат құралдары мен байланыстың формаларының әртүрлігімен айтартықтай назар аударады. Университетін ресми сайтында <https://semgu.kz/> университет қызметі және қарапастырылып отырған 5B020500/ 6B02303-Филология (қазақ) (бакалавр), 6B020500 / 7M02301-Филология (қазақ) (магистратура) білім беру бағдарламалары жайлы ақпараттар берілген. Сайттағы ақпараттар үш тілде ( қазақ, орыс, ағылшын) жарияланған.

Университет басшылығы көпшілік қауым мен мұдделі тұлғаларды ақпараттандыру үшін ақпаратты таратудың түрлі әдіс-тәсілдерін пайдаланып отырады. Университеттің ресми сайтында талапкерлер үшін 6B02303- Филология, 7M02301-Филология (жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру) БББ шарттары орналастырылған. Қабылдау комиссиясына құжаттарды қабылдау мерзімі, тізімі, қажетті құжаттар да берілген. Сонымен қатар университет қабырғасында шығарылатын Студент әлемі газетіне де білім беру бағдарламалары жайлы ақпарат жан-жақты толыққанды беріліп отырады. Сонымен қатар оқу орны атқарылған шаралармен жүртшылықты хабардар ету мақсатында БАҚ түрлерін де белсенді пайдаланады. Мысалы, қазақ және орыс тілінде республикалық «Казахстан», «24.kz», «Астана» және қалалық «СТР», «ТВК-6» телеканаларында, республикалық «Шалқар», қалалық «Радио 7» радиотораптарында, «EGEMEN QAQAQSTAN», «Дидар», «Семей таны», «Ертіс өнірі» басылымдарында, Семей қаласының білім беру бөлімі <https://www.bilim-semey.gov.kz/>, халықаралық ақпарат беру агенттігі КАЗИНФОРМ (liter.kz,Tengrinews.kz) сайттарында үнемі жарияланып отырады.

Сонымен бірге, (Instagram, Facebook т.б.) әлеуметтік желілерде, YouTube каналдарында да университет имиджін көтеретін, ЖОО-ның жетістіктерін баяндайтын видеороликтер мен жазбалар көтеп кездеседі. Контакт: [https://vk.com/semeuy\\_univer](https://vk.com/semeuy_univer), Facebook: <https://www.facebook.com/universitet.shakarim.1>. Instagram:<https://www.instagram.com/universitet.shakarim>. Университет ішінде ғылыми-танымдық, ақпараттық сипаттағы «Шәкәрім» журналы, Семей қаласының Шәкәрім университеті «Хабаршысы», Студент әлемі басылымдары шығып отырады.

## *Аналитикалық бөлім*

Университет сайт беттерінде өз іс-әрекетін сипаттайтын ақпараттарды, ішкі нормативті құжаттар, талапкерлерді қабылдау ережелерін оқыту формалары мен білім беру бағдарламалары, халықаралық қатынас, ғылым, академиялық ұтқырлық (тек орыс тіліндеғана), факультеттер мен кафедралар, ПОҚ туралы ақпараттарды орналастырған.

Жоғары оқу орны сайтын талдау барысында комиссия мүшелері сайт материалдары жүйелі түрде үнемі жаңартылып отырмайтындығын анықтады. Үш тілде ұсынылған сайтта орыс тілінде берілген материалдар, қазақ тілді сайтта толық түрде қайталанбайды, кейбір құжаттар қажетті тілге аударылмайды. Мысалы, сайтта орналастырылған «Студенттерге арналған жолсерік», «Академиялық күнтізбе», кафедраның атауы қазақ тілді сайт бетінде орыс тілінде орналастырылған, БББ бойынша серіктестіктермен жұмыс, академиялық ұтқырлық, туралы ақпараттар берілмеген. Орыс тілді сайттағы «Ғылым» рубрикасы сайтын қазақша версиясында орналастырылмаған.

***Күшті жақтары аккредиттеуге ұсынылған БББ-ның стандарт бойынша күшті жақтары анықталмады***

***ССК ұсыныстары:***

1. 6B02303 «Филология (қазақ)» және 7M02301 «Филология (қазақ)» білім беру бағдарламалары бойынша сайт материалдарын жүйелі түрде жаңарту, орыс тілді нұсқасы мен қазақ тілді нұсқаларын тең дәрежеде жүргізу ескерілсін.

2. Қазақ тілі Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілі болғандықтан сайт ашылғанда ен алдымен қазақ тілді нұсқасының ашылуын қамтамасыз ету ұсынылады.

**6B02303 «Филология (қазақ)» және 7M02301 «Филология (қазақ)» білім беру бағдарламасының «Көгамды ақпараттандыру» стандартты бойынша ССК қорытындысы: 0-күшті, 12 -қанагаттанарлық, 0 - түзетуді қажет етеді.**

## **(VII) ӘРБІР СТАНДАРТ БОЙЫНША КҮШТІ ЖАҚТАР / ҰЗДІК ТӘЖІРИБЕ ШОЛУ**

### **Стандарт «Ақпаратты басқару және есептілік»**

Тұлектерді жұмысқа орналастыру динамикасы, олардың мансаптық өсуі де жоғары, түрақты.

## **(VIII) ӘРБІР СТАНДАРТ БОЙЫНША САПАНЫ ЖАҚСАРТУ ҰСЫНЫСТАРЫНА ШОЛУ**

### **«Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты**

- 2021 жылғы 1 қыркүйекке дейін БББ басшылығы білім беру бағдарламасының білім беру үйімдарының стратегиялық дамуының ұлттық басымдылықтарымен сәйкестендіріп, дербестігін және бірегейлігін таныту мақсатында жоспарға накты даму шараларын айқындастын толықтырулар енгізу қажет.

- 2021 жылғы 1 қыркүйекке дейін БББ басшылығы 6B02303-«Филология (қазақ)» білім беру бағдарламасының құрастырылуына білім беру траекториясына сәйкес редакция және мұражай өкілдерінен тыс мектеп, аударма орталықтары өкілдерін, серіктес мекемелерді жұмылдыру шараларының жүзеге асырылуын қамтамасыз етуі қажет.

### **«Ақпаратты басқару және есептілік» стандарты**

- 2021 жылғы 1 маусымға дейін Университет сайтында БББ бойынша ОПК құрамы туралы ақпаратты көсіби біліктілігі, ғылыми жариялымдары, оқытушының ғылыми қызығушылығының бағыты, кері байланыс телефоны, электронды (коorporatивті почта) т.б. өзекті ақпараттармен толықтыру қажет.

### **«Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту» стандарты**

- 2021 жылғы 1 сәуірге дейін 6B02303 «Филология (қазақ филологиясы)» білім беру бағдарламасының жұмыс-оку бағдарламасы (силлабустар) ҚР МЖМББС және БжФМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті директорының 2018 жылғы 27 жетександығы №14-4/1369-1 бүйробымен бекітілген «Академиялық және басқарушылық дербестік жағдайында жоғары оқу орындарының жұмысы туралы әдістемелік нұсқаулыққа», университетішілік ДП 042-1.09-2019 құжатының 7.1.2, 7.1.5 тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкестендірілсін;

- 2021 жылғы 1 шілдеге дейін 6B02303 «Филология (қазақ филологиясы)» БББ мазмұнына жұмыс берушілер, басқа да стейкхолдерлер арасында мониторинг жүргізіп, білім беру бағдарламасының бірегейлігін танытатын, тұлектердің еңбек нарығында сұранысын арттыратын жаңа пәндерді енгізу шаралары жүзеге асырылсын.

- 2021 жылғы 1 мамырға дейін 6B02303 «Филология (қазақ филологиясы)» БББ құрамына орта мектеп, гимназия, лицей жұмыс берушілерін енгізу мүмкіндігі ескерілсін.

- Шетелдік жоғары оқу орындарымен қос дипломды БББ және/немесе бірлескен білім беру бағдарламасының жүзеге асыру тетіктерін қалыптастыру қажет.

### **«Білім беру бағдарламаларын үнемі мониторингілеу және мерзімдік бағалау» стандарты**

#### **6B02303 «Филология (қазақ)» білім беру бағдарламасы үшін**

- 2021 жылғы 1 қыркүйекке дейін Университеттің ресми веб-сайты арқылы білім беру бағдарламасына қызығушылығы бар тұлғалардың білім беру бағдарламасына қатысты жоспарланған немесе жүзеге асырылған іс-әрекет туралы хабардар етуді жүйелеу қажет.

#### **«Студентке бағытталған білім беру, оқыту және үлгерімді бағалау» стандарты**

- «Филология (қазақ)» бакалавриат және магистратура білім беру бағдарламалары бойынша әр жыл сайын кәсіби бағыттағы пәндер бойынша оқу процесіне енгізілген оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерінің тиімділігін анықтау мақсатында мониторинг жүргізілсін.

- 6B02303 «Филология (қазақ)» білім беру бағдарламасы бойынша 2021 жылғы 1 қыркүйекке дейін білім беру мекемелерінде қызмет ететін жаңартылған білім беру бағдарламасы бағытында тәжірибелі, әдіскер педагогтарды БББ бойынша білім беру процесіне араластырудың жоспарын құрастырып, жүзеге асырылуы қамтамасыз етілсін.

- 6B02303 «Филология (қазақ)» білім беру бағдарламасы бойынша пәнді оқытуды жетілдіру мақсатында жаңа 2021-2022 оқу жылына оқыту әдістемесі, пәнді оқытуда инновациялық технологияларды қолдану, ОПҚ-ның өз зерттеулерін жүргізу және оқу процесіне ендірудің перспективалық жоспары құрастырылсын.

#### **«Білім алушылар» стандарты**

- 6B02303 «Филология (қазақ)» және 7M02301 «Филология (қазақ)» білім беру бағдарламасы бойынша студенттердің біліктілігін арттыру мақсатында академиялық үткірлік бойынша Қазақстанның баска оқу орындарына жіберу аймағын көңейту және шетел жоғары оқу орындарына жіберу бағытында қосымша шарапалар қабылдау қажет.

- 6B02303 «Филология (қазақ)» және білім беру бағдарламасы бойынша тұлектормен кері байланыс орнату мақсатында тұлектордердің қатысуымен біріккен әрекеттерді жүзеге асырудың шарапаларын ұйымдастыру.

#### **«Профессор-оқытушылар құрамы» стандарты**

- 2021 жылдың 1 қыркүйегіне дейін БББ жүзеге асыруға жұмылдырылған ПОқ-тың ғылыми жұмысын жетілдірудің, оның ішінде ғылыми жобаларға қатысу, ғылыми мақалаларды шетелдік жоғары импакт-факторлы, отандық ЕСБК ұсынған журналдарда жариялаудың перспективалық жоспарын құрастыру.

- 2021-2022 оқу жылының басына дейін Жоғары оқу орындары қызметіне қойылатын біліктілік талаптарының 73 пунктіне сәйкес 6B02303-бакалавр және 7M02301-магистратура бағытындағы «Филология (қазақ)» білім беру бағдарламасы бойынша білім беретін оқытушылардың оқытын пәндері бойынша біліктілік курсынан өту жоспарын құрастыру ұсынылады.

#### **«Қоғамды ақпараттандыру» стандарты**

- 6B02303 «Филология (қазақ)» және 7M02301 «Филология (қазақ)» білім беру бағдарламалары бойынша сайт материалдарын жүйелі түрде жаңарту, орыс тілді нұсқасы мен қазақ тілді нұсқаларын тең дәрежеде жүргізу ескерілсін.

- Қазақ тілі Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілі болғандықтан сайт ашылғанда ең алдымен қазақ тілді нұсқасының ашылуын қамтамасыз ету ұсынылады.

## Қосымша 1. Бағалау кестесі. МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БЕЙІН ПАРАМЕТРЛЕРИ

**«Семей қаласының Шекерім атындағы университеті» Коммерциялық емес  
акционерлік қоғамының 6B02303 Филология (казақ филологиясы)  
білім беру бағдарламасы бағалау бойынша Сыртқы сараптау комиссиясының  
қорытындысы**

№ п\п	№ п\п	Бағалау критерийлері	Білім беру үйымының позициясы			
			Күнгі	Қанағаттана рлық	Жақсартуды шамалайты	Қанағаттана рлықсыз
<b>Стандарт «Білім беру бағдарламасын басқару»</b>						
1	1	ЖОО түрлі стейххолдерлерді кеңінен тарта отырып, сыртқы және ішкі факторларды талдау негізінде БББ-ны дамытудың мақсаттары мен стратегиясын әзірлеуді көрсетуге тиіс	+			
2	2	Сапаны қамтамасыз ету саясаты ғылыми зерттеулер, оқыту және оқыту арасындағы байланысты көрсетуге тиіс	+			
3	3	ЖОО сапаны қамтамасыз ету мәдениетінің дамуын көрсетеді	+			
4	4	Сапаны қамтамасыз етуге бейілділік мердігерлер мен әріптестер орындайтын (аутсорсинг), оның ішінде бірлескен/қос дипломды білім беру мен академиялық ұтқырылышты жүзеге асыру кезіндегі кез келген қызметке қатысты болуға тиіс	+			
5	5	БББ басшылығы білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын әзірлеудің ашықтығын оның жұмыс істеуін, ЖОО-ның нақты жайғасымын және оның қызметінің мемлекеттің, жұмыс берушілердің, мұдделі тұлғалар мен білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуын талдау негізінде қамтамасыз етеді	+			
6	6	БББ басшылығы білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын қалыптастыру және тұрақты қайта қарау тетіктерінің жұмыс істеуін және оны іске асыру мониторингін, оқыту мақсаттарына қол жеткізуі бағалауды, білім алушылардың, жұмыс берушілер мен қоғамның қажеттіліктеріне сәйкестігін, БББ тұрақты жақсартуға бағытталған шешімдер қабылдауды көрсетеді		+		
7	7	БББ басшылығы білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын қалыптастыруға мұдделі тұлғалар топтарының өкілдерін, оның ішінде жұмыс берушілерді, білім алушылар мен ПОҚ өкілдерін тартуы тиіс	+			

8	8	БББ басшылығы білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының даралығы мен бірегейлігін, оның ұлттық даму басымдықтарымен және білім беру үйымының даму стратегиясымен келісетіндігін көрсетуге тиіс		+		
9	9	ЖОО БББ шенберінде бизнес-процестерге жауаптылардың нақты айқындаасын, персоналдың лауазымдық міндеттерін бөлуді, алқалық органдар функцияларының аражігін ажыратуды көрсетуге тиіс		+		
10	10	БББ басшылығы білім беру бағдарламасын әзірлеуге және басқаруға қатысатын барлық тұлғалардың қызметін үйлестіруді және оның үздіксіз іске асырылуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ үл процесске барлық мүдделі тұлғаларды тартады		+		
